

ғылыми-әдістемелік журнал    науқно-методический журнал

# СОҚШАҚ

## тропинка

№5 (112) қазан 2024 жыл



*“Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады.”*

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
ел халқына Жолдауынан,  
2024 жыл 2 қыркүйек*

✉ [Evrasia\\_centre@mail.kz](mailto:Evrasia_centre@mail.kz)  
f [www.facebook.com/tourism07.kz/](https://www.facebook.com/tourism07.kz/)

globe [tourism07.kz](http://tourism07.kz)  
📷 [instagram.com/tourism07.kz/](https://instagram.com/tourism07.kz/)

## **Құрметті оқырман және журнал редакциясы!**

*Қоршаған ортаны түсіну, табиғатты аялау – экологиялық сауаттылығымыздың негізі. «Соқпақ-Тропинка» журналы сияқты өлкетану, туризм және экология мәселелерін қамтитын басылымның болғаны қуантады. Журнал табиғатты қорғау және идеялар, тәжірибе және білім алмасу алаңы болып табылады. Экологиялық, физикалық және адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған журнал өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Туған жерге деген сүйіспеншілік - бізді біріктіріп, саналы азамат етеді.*



*Журнал беттерінен өлкетану, табиғатты қорғау және туризм саласындағы ғалымдардың, педагогтердің, практиктердің ғылыми-зерттеу қызметі мен тәжірибесіне негізделген қызықты материалдарды табамыз. Авторлар туған өлкенің табиғатын зерттеуге, Қазақстанның таңғажайып түкпірлерін ашуға баса назар аударады.*

*Журналдың одан әрі өркендеуін, қызықты тақырыптар, басты мақсат пен табысқа жетуін тілеймін!*

**«Өрлеу» Біліктілікті арттыру  
ұлттық орталығы АҚ-ның  
Басқарма Төрағасы**

A handwritten signature in black ink, appearing to be 'Aidana Shilibekova'.

**Айдана Шилибекова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,  
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.  
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № KZ40VPV00044511  
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№5 (112), қазан 2024 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі  
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм  
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ  
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

**Фомин Виктор Павлович** - А.А.Остапец – Свешников  
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм  
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс  
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар  
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық  
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

**Жұмаев Максот Сағынтайұлы** – белгілі Қазақстан  
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі  
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

**Смирнов Дмитрий Витальевич** – п.ғ.д., А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

**Мазбаев Орденбек Білісбекулы** - г.ғ.д., А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

**Никитинский Евгений Сергеевич** – п.ғ.д., «Тұран-  
Астана» университетінің профессоры

**Абдулханов Абджемил Закерьянович** – п.ғ.к., доцент,  
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым  
аймақтық филиалының төрағасы

**Шаяхметов Асхат Галиевич** - А.А.Остапец-Свешников  
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

**Г.З.Усағалиева** – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ  
жөніндегі орынбасары

**А.Б.Мукашева** - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ  
жөніндегі орынбасары

**К.Е.Неталиева** - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз  
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

**Р.С.Альмұханова** – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің  
меңгерушісі

**Н.Б. Байсариева** - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм  
бөлімінің меңгерушісі

**Р.Е.Нұрманов** - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің  
меңгерушісі

**В.В.Мазуренко** - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру  
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

**Қайрлиева Қ.Ж.** - бас редактор

**Карина Ж.М.** - корректор

**Қушеккалиев Ж.Н.** - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының  
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.  
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia\_centre@mail.ru

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 550 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

## ОЛ ЖАЙЫНДА - О НЕМ ПИСАЛИ

**Усағалиева Г.З.** Балалар туризміне ғұмырын арнаған педагог.....2

## ӨZEKTI-AKTУAЛbHO

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.....8

Программа «Біртұтас тәрбие».....9

Әдістемелік нұсқау хат: Жарияланымдық белсенділік.....10

## Инструктивно-методическое письмо:

Публикационная деятельность.....11

## IC-TӘЖIPIБEДEН - ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

### Гумаров Ж.О.

Центр детско-юношеского туризма и экологии

Бокейординского района.....12

## ТУРИЗМ

### Несіпқұлова Б.Н., Алиева Л.Н.

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің

педагогикалық маңыздылығы.....16

## ӨЛКЕТАНУ-КРАЕВЕДЕНИЕ

### Бімұханов Е.С.

Құрманғазының ұстазы - Ұзақ күйші.....22

### Сагидуллин У.Е.

Вавилино 1 тұрағында жүргізілген қазба-жұмыстары хақында.....24

### Абдирова Г.А.

«Шыңғырлау ауданы табиғатының жеті кереметі» экспедициясы.29

## МУЗЕЙТАНУ-МУЗЕЕВЕДЕНИЕ

### Ойшыбай А. М.

Сырым тарихы – Сырым музейінде немесе жаңа музейдің

екінші тынысы.....34

## ЭКОЛОГИЯ

### Бакирова Д.С., Цуриков В.В.

Положительный опыт волонтерского экологического клуба «JASYL

BOLASHAQ» в формировании «Зеленых»

компетенций у детей.....37

## ГЕОЛОГИЯ

### Якименко Г.А., Гатауов Н.Х.

Выполняем задания Президента.....39

## ӘДІСТЕМЕ - МЕТОДОЛОГИЯ

### Ескалиева Г.Т.

Туристік - өлкетанулық бағытындағы «Руханият» үйірмесінің

эксперименттік бағдарламасы.....43

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА -

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

### Логашкина Н.Ф.

Тимбилдинг «Вместе мы сила!».....50

### Жайманова Г.Б.

Шаңғы туризмінде жарақат алушыны құтқару.....52

### Гайсина А.А.

Экология - біздің жүрегіміз.....56

### Атаканова З.С.

Кружок краеведения в жизни детей: развитие любви к родине.....58

## ТУРИСТІК ЖАҒАЛЫҚТАР-ТУРИСТСКИЕ ВЕСТИ

Үздік білім қызметкерлері анықталды

(«Еуропа-Азия-24» фестивалі).....60

Спорттық бағдарлаудан ҚР-ның чемпионаты.....64



## Балалар туризміне ғұмырын арнаған педагог

**УСАҒАЛИЕВА**  
Гүлсім Задашқызы  
ОБЖТЖЭО директорының  
ОӘЖ I санатты орынбасары  
Орал қаласы, БҚО

*Шын көңіл, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!  
Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертең бітер,  
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі  
Шешеннің айтқан сөзі көпке жетер.*

*Мағжан ЖҰМАБАЙҰЛЫ*

### **Аңдатпа**

Мақалада балалар туризмінің дамуына зор үлесін қосқан педагог Виктор Павлович Фомин туралы естеліктер жазылған. Педагогтың Орал өңірінде туристік-өлкетану бағытында ұйымдастырылған шараларды жүзеге асырған тұлға ретінде қосымша білім беру саласында ізі қалды.

### **Аннотация**

В статье рассказывается о педагоге и организаторе мероприятий туристско-краеведческого направления Виктора Павловича Фомина. Он оставил свой неизгладимый след в сфере дополнительного образования.

**Кілт сөздері:** педагог, Орал өңірі, Виктор Павлович Фомин, туристік-өлкетану қызметі.

Осыдан 5 жыл бұрын 2 қазанда жұмыс әдеттегіден өзгеше болды. Өзгеше дейтінім, күндегіден ерекше көңіл-күймен кабинетті аралаған директорымыз, марқұм Виктор Павлович мәнді-мағыналы, тындаған адамға үлкен әсер қалдыратын жұмыс ұсыныстарымен әріптестерінің қалін сұраған еді. Жұмыстың қарбаласын сөзге тиек ете отырып, алда жоспарланған бастамаларын бірінен соң бірін жіпке тізгендей айта бастады. Жалғыз мен ғана емес, кабинетке келген әр әріптеске педагогтер үшін рухани азық болатын жобаларды жасау керектігін де баса жеткізді. Абай ағамыз «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз



## ОЛ ЖАЙЫНДА – О НЕМ ПИСАЛИ

қалдырған» десе, данышпандарымыз «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Осы сөздерді 33 жыл басшы болған Виктор Павловичке қаратып айтсақ, артық айтпаған болар едік. Оның артында өлмес сөз қалдырған, өшпес із қалдырған педагог екеніне дау айтатын адамды осы уақытқа дейін кездестірмеппіз. Бүгінде басшы сөзі «жапырақ жүрек жас қайыңның» сыбырындай әр жерден еседі. Қайың жұртқа қандай сүйкімді болса, педагог-басшының өзі де, сөзі де ұжымға сондай сүйікті болды.

Виктор Павлович – балалар туризмінің дара педагогі, біртуар азаматы деуге болады. Бүгінгі күнде қаншама педагог Фоминнің салған сара жолында еңбек етуде, бірі Фоминнің ұсынған жобаларын жалғастыруда, бірі Фоминнің еңбегімен сусындауда. Оның жазып кеткен еңбектеріндегі әдістерді қолданып жүрген педагогтеріміз де аз емес. Фоминді білмейтін турист жоқ шығар. Бәрі біледі, кітаптарын оқиды, балалар туризмін дамытуға арнаған стратегиялық жоспарын іске асырып, жалғастыруда. Алайда біз білмейтін дүниелері де жоқ емес екен, оны мен осы жұмыс барысында түсіндім. Балалар туризмі: ол – тарих, ол – өлкетану, ол – туристік саяхат десек, оның өзі де бүгінгі күні органы тануға бағытталған түрлі экскурсия, экспедиция, жорықта танылып келеді.

Ол педагогика саласының ең жақсы бағыттарының бірі – қосымша білім берудегі үйірме қызметін жасады! Бұл қызмет біздің республикамызда ең үздік болып саналады! В.П.Фомин – қазіргі қазақстандық педагогика ғылымының өкілі

болды, ол Қазақстан Республикасының балалары мен жастарының туристік-өлкетану қызметін түсініп, сақтап, көбейте алған басшының бірі. Ол балалардың туристік-өлкетану қызметінің педагогикасы мәселелері бойынша көптеген ғылыми еңбектердің, кітаптар мен мақалалардың авторы. Қазіргі уақытта қосымша білім беру ұйымдары оның орасан зор ғылыми-педагогикалық мұрасын пайдаланады. Виктор Павлович Фомин – өз күші мен жігерін жетістік пен нәтижеге бағыттаған педагог-басшы, креативті ұйымдастырушы, балалар туризмінің менеджері, еңбекқор, зерттеуші, жазушы, тәрбиеші, тәлімгер. Виктор Павловичпен таныс кез-келген адам оның жан-жақтылығы, психологиялық төзімділігі, жеке басының шынайылығы сияқты қасиеттерін атап өтеді және еске алады: көңілді, жарқын, ашық адам, ең қызықты акцияларды, іс-шараларды, мерекелерді ұйымдастырушы, педагогика мен туризм бойынша теориялық еңбектерді, түрлі әдістер мен бағдарламаларды жасаушы, көптеген ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдарды белсенді ұйымдастырушы. Виктор Павлович өмірінің соңына дейін қойылған мақсаттарға жетудегі тынымсыз еңбегімен, талапшылдықпен ерекшеленді. Балалар туризмі саласында қырағылығының арқасында ізбасарлық, талапқоюшылық, сарқылмайтын күшпен, өзгеріс сапалығына баса көңіл аударды. Ол әрдайым Қазақстанда балалар туризмі мен өлкетануды ұйымдастыру мен дамытудың жаңа түрлерін жасады, іздеді. Мәселен, оның



бастамасымен тікелей қатысуының арқасында Батыс Қазақстан облысында туризм орталықтары ашылды, ол бүкіл Қазақстан бойынша осындай орталықтардың нығаюына ықпал етті. 1986 жылдан бастап Батыс Қазақстан облыстық туризм орталығын басқарып, оны мамандар дайындау шеберханасы ретінде көрсетіп, Қазақстандағы туристік-өлкетану қызметін дамытудың авангардына айналдырды. Облыстық туризм орталығы өзінің бірегей педагогикалық жүйесін құрды. Виктор Павлович оған көптеген теориялық идеяларды практикаға енгізе отырып, ерекше академизм берді. Виктор Павлович өзінің практикалық және ғылыми қызметімен дәстүрлі педагогика аясын кеңейтті. Орал өңірінің туризм ұжымымен бірге ол туристік-өлкетану бағытындағы нысандардың, құралдар мен әдістердің, түрлі іс-шаралардың тұтас жүйесін құрды. Шығармашылық ынта таныта отырып, педагогтар, жаттықтырушылар, туристік ұйымдастырушылар және балалар туристік орталықтарының тәрбиешілері жыл сайын оқушылар арасында жаяу, су, велосипед, шаңғы, тау, шыңға өрмелеу туризмі бойынша педагогтар арасында жарыстар, туристік тақырыптағы шығармашылық конкурстар, экологиялық акциялар, өлкетану зерттеулерінің нәтижелері бойынша

ғылыми конференциялар өткізді, оларға мектеп, колледж оқушыларынан ондаған мың адам қатысқан еді. Батыс Қазақстан облысының командасы, яғни «далалықтар» таулы аймақтардың командаларын айналып өтіп, тау туризмі техникасы бойынша жүлделі орындарға ие болды. Бұл оның жаһандануын және ойлаудың әмбебаптығын тағы бір рет растады. Виктор Павловичті ерекше жылулық пен қамқорлықпен, сүйіспеншілікпен оның тәрбиеленушілері тағы бір еске алатын туынды – «Еуропа-Азия» білім беру қызметкерлерінің фестивалі болды, өйткені ол мұғалімдер туристік, спорттық және шығармашылық іс-шаралардан өтіп, бұл қозғалыстарды өздерінде де жүзеге асыратынына сенді. Виктор Павлович білім берудің басқа да нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданды және жүзеге асырды, мысалы, қоғамдық пайдалы еңбек, өнімді еңбек, серуендеу және басқалар, бірақ бәрібір оның пікірінше, ең бастысы - жорықтар болды! Виктор Павловичтің туристік-өлкетану қызметін, салмағы мен маңыздылығын дамыту арқылы оқушылардың жеке басын жан-жақты дамытуға қосқан үлесі өз Отанының патриоттарын, жас табиғатты қорғаушыларды тәрбиелеудің ең жақсы құралы туристік-өлкетану қызметі екендігімен келісеміз. Оның бағдарламалары, теориялық жұмыстары,



## ОЛ ЖАЙЫНДА – О НЕМ ПИСАЛИ

кітаптары, мақалалары табиғатпен достық атмосферасына, ынтымақтастыққа толы, онда адам табиғатта демалып қана қоймай, оны пайдаланады, сонымен қатар зерттеу және табиғатты қорғау қызметін жүзеге асырады. В.П.Фоминнің өзіндік әдістемесі, ұтымды және салмақты тәсілі мұғалімдерге туристік және өлкетану қызметінің әртүрлі бағыттарын бағдарлауға мүмкіндік береді.

Ғылыми идеялардың, харизмін В. П.Фоминнің берік ықпалының арқасында бүгінде Батыс Қазақстан облыстық туризм және экология орталығы ресурстық үйлестіру орталығына, Қазіргі Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетанудың ақпараттық мүйісіне айналды. Виктор Павлович Фоминнің арқасында және оның Орал өңіріндегі ұжымының, сондай-ақ жетекші ғалымдардың, педагог-практиктердің, Қазақстан мен Ресейдің білім беру кеңістігінде туристік-өлкетану қызметін ұйымдастырушылардың қолдауымен облыстық туризм және экология орталығының қазіргі жүйесі құрылды. Балалар туризмі мен өлкетанудың педагогикалық әлеуетін дамытуға, Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетанудың дербес саласын құруға бей – жай қарамайтын жетекші туристерді, экологтарды, өлкетанушыларды, білім беру ұйымдарының басшыларын, педагог-

практиктерді біріктіргені сөзсіз. Біз оның ізбасарларымыз, әріптестеріміз Виктор Павлович анықтаған принциптер мен ережелерге сәйкес тиімді жұмыс істеуді жалғастырудамыз. Ол қоғамдағы жағдайды жақсы түсінді, балалардың қоғамдық өмірі саласында қалыптасқан орынды сезінді. Өйткені, Бүкілодақтық пионер ұйымы өз жұмысын тоқтатқанымен, туристік лагерьлер әрдайым балаларға сол романтиканы, әлеуметтік маңызды қызметке деген қажеттілікті жүзеге асыра бермекші. Виктор Павлович мұндай әлеуетті туристік-өлкетану қызметінде көрді, ал ол ұсынған форма - балалар қоғамдық ұйымы. Бұл идеялар Виктор Павловичтің мұғалімі және тәлімгері Александр Александрович Остапец-Свешниковпен үндес болды. В.П.Фомин жұмысының идеялары мен бағыттары - бұл біздің үстел кітаптарымыз, бұл кез-келген шығармашыл ойлайтын мұғалім мен көшбасшы үшін дұрыс жолды көрсететін бағдар, бұл балалармен туристік-өлкетану іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекше тәжірибесі, бұл еңбекқорлықтың, құзыреттілікпен даналықтың стандарты!

1998 жылы Кенияда «Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясы әлемдегі ең үздік тәжірибелердің ондығына кірді, 1999 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты



ғылыми атағын қорғаса, Халықаралық балалар – жасөспірімдер туризмі және өлкетану Академиясының (ХБЖТжӨА) «Алтын бағдар» жүлдесінің бас жүлдесін иеленіп, Виктор Павлович ХБЖТжӨА академигі атағын алды. 2005 жылы «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері болды. Туристік-өлкетану қызметінің әдістемелік жұмыстарына көмекші құрал ретінде республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналын шығарды. Журнал 2006 жылы халықаралық «Алтын бағдар» байқауына қатысып, ең үздік туристік-өлкетану қызметін насихаттаушы ретінде БАС жүлдені жеңіп алды. 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік байқауға қатысып, «Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту және әдістемелік-ақпараттық қамтамасыз ету» номинациясында БАС жүлдеге ие болды. Облыстық туристік-өлкетану, экологиялық қызметтің бес жылдық қорытындысында 2007 жылы ҚР білім және ғылым министрлігі мен үкіметтік емес ұйым «Қазақстан Медиа Союз жастары» ұйымдастырған «Балалық шақ досы – Друг детства» бірінші ұлттық конкурсының «Қосымша білім беру мекемелері» номинациясының БАС жүлдесін жеңіп алды. Білім басқармасының қолдауымен бұл жетістік 2008 жылды «Балалар туризмі» жылы қып жариялауымызға ұластырды. Аталған осы жылды сабақтастыра,

ұштастыра отырып, 2009 жылды – «Орал өңірін тану» жылына ұластырды. Елдер арасындағы туристік-өлкетану қызметінің дамуын жүзеге асыруда 2010 жылдың күзінде халықаралық «Жеке тұлғаны туристік-өлкетану қызметі арқылы Еуразиялық мәдениетке тәрбиелеу» атты ғылыми-практикалық конференциясы, 2012 жылы «Білім. Туризм. Интеграция» атты халықаралық форумы өткізіліп, онда Еуразиялық туристік одақ қауымдастығы құрылды. В.П.Фомин туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда білім беру мекемесі жетекшілерінің республикалық кеңейтілген үйлестіру кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2015 жылдың 30 қыркүйегінде ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Г.Әбдіқалықованың төрағалық етуімен өткен отырысында Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының «Туристік – өлкетанулық қызмет арқылы жеке тұлғаны еуразиялық мәдениетке тәрбиелеу» іс- тәжірибесі тыңдалып, оны республика көлемінде тарату, енгізу және өңірлік жоспар құру ұсынылды. Осыған орай, 2015 жылдың 23 қазанында Республикалық үйлестіру кеңесінің кезекті





отырысында Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының іс-тәжірибесі республика көлемінде таратылды және облыс әкімі орынбасарымен өңірлік жоспар жасалып бекітілді. 2015 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Алтын компас 2018» халықаралық байқауында «Оқу-әдістемелік құралдар» номинациясы бойынша Гран-при, 2019 жылы «Қазақстан Республикасы мәдениетінің қайраткері», Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы «NATIONALTOURISMAWARDS» туризм саласында балалар-жасөспірімдер туризмі бойынша «Үздік жоба» номинациясы бойынша сыйлықтың иегері атанды. Бұл марапаттардың барлығы жанқиярлық еңбекке лайық. Виктор Павлович ешқашан мұнымен тоқтап қалмады, жұмыстың негізгі формалары мен әдістерін іздеуде болды. Оның бастамасы бойынша түрлі инновациялық жобалар жүзеге асырылды: «Туған жер - Алтын бесік» байқауы, туристік-өлкетану қызметімен айналысатын педагогтар арасында «Хрустальды шоқыр» конкурсы және тағы басқалар. Ол «Менің Отаным - Қазақстан» («Атамекен») республикалық оқушылардың туристік - өлкетану экспедициясы аясындағы жұмыстарға үлкен көңіл бөлді. Балалар жыл сайын орталықтағы барлық аудандардан экспедициялық жасақтар

слеті мен «Жайық толқыны» фестиваліне жиналды. Виктор Павлович Фомин өз жұмысында үш туристік-сауықтыру кешенін құруға ерекше орын берді: «Бивуак» туристік-экскурсиялық кешені, «Евразия» туристік-сауықтыру кешені, «Самал» туристік лагері. Виктор Павлович Фоминнің барлық еңбектерін санау мүмкін емес, қанша құтқарылған балалар тағдыры, қанша жасөспірімге болашаққа жол ашылды, оның жүрегі барлығына және бәріне жеткілікті болды, туған өлкенің табиғаты мен балаларға қатысты кез-келген тақырыпқа немқұрайлы қарамады. Ол ешқашан жылап жатқан баланың, ағаштағы сынған бұтақтың жанынан және қыста жеуге ештеңесі жоқ құстардың, жаралы жануардың жанынан текке өтпеген. Біз бүгін балалар туризмінің педагогі марқұм Виктор Павлович Фоминнің рухын еске алып, алма-кезек заманда балалар туризмінің дамуына шырақ жаққан тұлғаның есімі, құрметті, терең мағыналы асыл сөзі ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, үзілмей сақталуын тілейміз.

Бір жыл, бір ай, бір күн, бір сағат, бір минут, бір секунд адамның алдағы уақыттағы қызығушылығының оянуына, қалам тартуына, өмірлік ұстанымына ықпал етеді. Алдағы уақытта осындай рухани азық болатын педагогтер еңбегі азаймасын, керісінше толыға түссін дегім келеді.



Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы

## «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

**М**емлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

**Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:**

тәуелсіздік және отаншылдық  
бірлік және ынтымақ  
әділдік және жауапкершілік  
заң және тәртіп  
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік  
жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарға негізделген.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер

жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы тұлғаларының моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету;  
тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;  
қоғамға қызмет ету;  
этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;  
инновациялық ойлау;  
идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

**АЙ САЙЫН:**

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;  
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;  
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;  
Қаңтар – заң және тәртіп айы;  
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;  
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;  
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

**КҮНДЕЛІКТІ:**

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»  
«Өнегелі 15 минут»  
«Үнемді тұтыну»  
«Күй күмбірі»

**АПТА САЙЫН:**

«Менің Қазақстаным»  
Аптаның дәйексөздері  
«Қауіпсіздік сабағы»  
**АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**  
Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;  
Буллингтен қорған!  
Ойынға салауатты көзқарас;  
Өмірге салауатты қадам;  
Қоғамдық мүлікті қорға!  
Қауіпсіз қоғам.

**ЖОБАЛАР**

Балалар кітапханасы  
Қамқор  
Еңбегі адал – жас өрен  
Шабыт  
Ұшқыр ой алаңы  
Smart bala  
жобалары ұсынылады

Приказ Министра просвещения Республики Казахстан  
от «30» июля 2024 года № 194

## «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

В соответствии с поручением Главы государства Касым-Жомарта Токаева на втором заседании Национального Курултая «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» в 2023 году разработана программа «Біртұтас тәрбие» и внедрена во все организации образования.

В соответствии с поручением Президента Республики Казахстан К. Токаева на третьем заседании Национального Курултая «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» в 2024 году обновлено содержание программы «Біртұтас тәрбие».

Обозначены единое видение развития государства и консолидация усилий общества на его достижение, вместе с этим, образ будущего нашей страны отражается в триаде: «Справедливый Казахстан – Ответственный гражданин – Прогрессивная нация». Данные составляющие триады тесно взаимосвязаны и взаимообусловлены, выражают стратегический курс модернизации и дальнейшего развития страны, который направлен на формирование справедливого государства с сильными демократическими институтами и развитой правовой системой, обеспечивающей торжество закона и порядка – фундаментального принципа нашей политики. Это стало главной идеей программы «Біртұтас тәрбие».

**Ключевые ценности определяющие образ нации включены в содержание Программы, это:**

- независимость и патриотизм;
- единство и солидарность;
- справедливость и ответственность;
- закон и порядок;
- трудолюбие и профессионализм;
- созидание и новаторство

«Справедливость – как принцип, ответственность – как основа, прогресс – как цель» является основным посылом Программы.

### **ЦЕЛЬ ПРОГРАММЫ:**

формирование гармонично развитой личности обучающегося на основе ценностей казахстанской культуры, через развитие духовно-нравственных качеств, гражданской ответственности и патриотизма, добропорядочности и добросовестности.

Реализация Программы основана на ценностно-ориентированном и компетентностном подходах. Они нацелены на интеграцию обучения, воспитания и развития.

В рамках реализации компетентностного подхода на основе воспитания ключевых ценностей у обучающихся должны развиваться ключевые

компетенции, которые в совокупности определяют модель выпускника:

- продвижение национальных интересов;
- эффективные коммуникации;
- служение обществу;
- уважение и следование нормам общества;
- стремление к достижению высоких результатов;
- способность генерировать оригинальные идеи.

Регулярные мероприятия, проводимые ежемесячно, должны быть направлены на формирование целостной личности обучающихся:

Сентябрь – месяц трудолюбия и профессионализма;

Октябрь – месяц независимости и патриотизма;

Ноябрь – месяц справедливости и ответственности;

Декабрь – месяц единства и солидарности;

Январь – месяц закона и порядка;

Февраль – месяц созидания и новаторства;

Март – месяц независимости и патриотизма;

Апрель – месяц трудолюбия и профессионализма;

Май – месяц единства и солидарности.

### **ЕЖЕДНЕВНО:**

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» организация свободного времени обучающихся

«Өнегелі 15 минут» проведение родителями в течение 15 минут ежедневной индивидуальной беседы со своим ребенком

«Үнемді тұтыну» – формирование бережного отношения к природным ресурсам

«Күй күмбірі» использование кюев вместо звонков на переменах

### **ЕЖЕНЕДЕЛЬНО:**

«Менің Қазақстаным» исполнение Гимна Республики Казахстан  
Цитаты недели – лейтмотив учебной и внеучебной деятельности «қауіпсіздік сабағы» - 10 минут в рамках классного часа о соблюдении обучающимися личной безопасности

### **ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ**

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

### **ПРОЕКТЫ**

«Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабьт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala»

Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

№ 6304 тіркелген уақыты 02.07.2024

**Жарияланымдық белсенділік** – бұл педагогтердің инновациялық іс-әрекетінің тәжірибесін және педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін тарату әдісі. Жарияланымдық белсенділіктің ең кең таралған түрлерінің бірі – мақала жазу.

Мақала жазу арқылы педагогтер өздерінің табысты тәжірибелерімен, эксперименттерімен, зерттеу нәтижелерімен бөлісе алады, сонымен қатар білім берудің өзекті мәселелерін шешудің жаңа тәсілдерін ұсына алады.

Мақала жазу – бұл жүйелі көзқарасты, шығармашылықты және мұқият дайындықты қажет ететін процесс.

### Мақала жазудың қадамдары:

#### 1. Тақырып таңдау.

Өз тәжірибеңізден немесе сіз үшін өзекті және қызықты тақырыпты анықтау ұсынылады. Бұл сіздің жеке педагогикалық тәжірибеңіз, зерттеу нәтижелері және т.б. болуы мүмкін.

#### 2. Жоспарлау және құрылымын анықтау.

Мақаланың жоспары мен құрылымын оның мақсатына сәйкес анықтау ұсынылады. Егер мақаланың мақсаты әдістемелік жұмыс тәжірибесін тарату болса, онда оның құрылымына мыналарды қосу ұсынылады: кіріспе, әдістеме (әдістеменің сипаттамасы), практикалық қолдану, ұсыныстар, қорытынды, әдебиеттер тізімі.

Ғылыми мақаланың құрылымына мыналар кіреді: кіріспе, әдебиеттерге шолу, материалдар мен әдістер, зерттеу нәтижелері, талқылау, қорытынды және пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

#### 3. Әдебиетке шолу.

Тәжірибе мен теорияны тереңірек түсіну үшін қолданыстағы зерттеулерді, теориялар мен әдістерді талдауды қамтитын әдебиеттерге шолу жасау ұсынылады. Бұл тәсіл таңдалған тақырып бойынша ағымдағы жағдайды толық бағалауға мүмкіндік береді.

Мақала жазу үшін дереккөздерді іздеу базалары ұсынылады: <http://surl.li/trlzm>

#### 4. Мақала мәтінін жазу.

Мақала жазу кезінде өзіңіз таңдап алған құрылымды ұстануыңыз керек. Материалдың нақты көрсетілуін, аргументтің логикалық

дәйектілігін және ойды білдірудің анықтығын қамтамасыз ету қажет. Мақала жазу кезінде академиялық стильді сақтау ұсынылады. Нәтижелер мен идеяларды ұсыну және талдау қажет.

Алынған нәтижелерді мысалдар, дәлелдер және тұжырымдарды қолдана отырып, қолданыстағы зерттеулер мен теориялар аясында талқылау қажет. Мақаланың негізгі түйіндерін тұжырымдау және мүмкіндігінше қосымша зерттеулер немесе практикалық қолдану үшін ұсыныстар беру маңызды.

Төменде мақала құрылымы мен жазу стилі туралы әдебиеттер тізімі берілген.

Академиялық жазылым және білім беру саласындағы зерттеулер жүргізу үшін ұсынылатын әдебиеттер:

1. Оспанов Е. Академиялық жазылым: <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1594967>

2. Молдашев К. От идеи к публикации: методология исследований в социальных науках: [https://www.researchgate.net/publication/321098672\\_Ot\\_idei\\_k\\_publicacii\\_metodologia\\_issledovani\\_j](https://www.researchgate.net/publication/321098672_Ot_idei_k_publicacii_metodologia_issledovani_j)

3. Зина О'Лири. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық: <https://open.kz/kz/books/80>

4. Сағынтаева А. және т.б. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер: <http://surl.li/trvjn>

5. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі: <https://bit.ly/4cstxMh>

#### 5. Өңдеу және түзету

Мақаланы жазу аяқталғаннан кейін оны өңдеу және түзету ұсынылады. Грамматикалық қателіктерге, сөйлем құрылымына және мақала мазмұнының жалпы логикасына назар аударыңыз.

#### 6. Жариялауға дайындау

Мақаланы таңдалған ғылыми журналға немесе басылымға жіберуге дайындаңыз. Журналдың редакциялық алқасы ұсынған мақаланы рәсімдеу талаптарын орындағаныңызға көз жеткізіңіз.

#### 7. Журнал редакциясымен кері байланыс

Мақаланы қарау кезінде редакторлар мәтіндегі кейбір түзетулерді ұсынуы немесе талаптардың дұрыс сақталмауы туралы айтуы мүмкін. Бұл жағдайда авторлар журналдың редакциялық алқасымен кері байланыс орнатуы керек.

Министерство просвещения Республики Казахстан Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина

# ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО

«Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах  
Республики Казахстан В 2024-2025 учебном году»

Рег.№ 6304 Рег.дата 02.07.2024

**Публикационная деятельность** представляет собой один из способов распространения опыта инновационной деятельности педагогов и результатов педагогических исследований. Одним из наиболее эффективных видов публикационной деятельности является написание статей. Через статьи педагоги могут делиться своими успешными практиками, экспериментами, результатами исследований, а также предлагать новые подходы к решению актуальных проблем образования.

Написание статей – это процесс, требующий систематического подхода, творчества и тщательной подготовки.

## Шаги к написанию статьи

### 1. Выбор темы

Рекомендуется определить тему из своего опыта или которая является актуальной и интересной для вас. Это может быть ваша собственная педагогическая практика, результаты исследования и т.д.

### 2. Планирование и структура.

Рекомендуется определить план и структуру статьи согласно её цели.

Если целью статьи является распространение опыта методической работы, то в её структуре рекомендуется включить: введение, методика (описание методики), практическое применение, рекомендации, заключение, список литературы.

Структура научной статьи включает: введение, обзор литературы, материалы и методы, результаты исследования, обсуждение, выводы и список использованных источников.

### 3. Обзор литературы.

С целью более глубокого понимания опыта и теории, рекомендуется провести обзор литературы, включающий анализ существующих исследований, теорий и методик. Такой подход позволит более полно оценить текущее состояние по выбранной теме.

Рекомендуется при поиске источников литературы для написании статьи перейти по ссылке: <http://surl.li/trlzm>

### 4. Написание текста.

В написании статьи следует придерживаться выбранной структуры. Необходимо обеспечить четкое изложение материала, логическую последовательность аргументации и четкость выражения мыслей.

При написании статьи рекомендуется соблюдать академический стиль. Результаты и идеи следует представить и провести их анализ. Необходимо обсудить их в контексте существующих исследований и теорий, поддержав выводы примерами и аргументами. Важно сформулировать основные выводы статьи и, при возможности, предложить рекомендации для дальнейших исследований или практического применения.

Ниже приведен список литературы по структуре статьи и стилю написания.

Рекомендуемая литература по академическому письму и для проведения исследований в области образования:

1. Оспанов Е. Академиялық жазылым: <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1594967>

2. Молдашев К. От идеи к публикации: методология исследований в социальных науках: [https://www.researchgate.net/publication/321098672\\_Ot\\_idei\\_k\\_publicacii\\_metodologia\\_issledovaniy](https://www.researchgate.net/publication/321098672_Ot_idei_k_publicacii_metodologia_issledovaniy)

3. Зина О'Лири. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық: <https://openu.kz/kz/books/80>

4. Сагинтаева А.И. др. Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики: <http://surl.li/qpuud>

5. Этический кодекс исследователей образования Казахстана: <http://surl.li/tpyws>

### 5. Редактирование и корректура

После завершения написания статьи рекомендуется проведение ее редактирование и корректуру. Обратите внимание на грамматические ошибки, структуру предложений и общую логику изложения.

### 6. Подготовка к публикации

Подготовьте статью к отправке в выбранный научный журнал или издание. Убедитесь, что вы следуете требованиям к оформлению статьи, предъявляемым редакционной коллегией журнала.

### 7. Обратная связь с редакцией журнала

При рецензировании статьи редакторами могут быть предложены некоторые поправки в тексте, или же указано на некорректное соблюдение требований. В этом случае авторам необходимо вести обратную связь с редакционной коллегией журнала.



## Центр детско-юношеского туризма и экологии Бокейординского района



**ГУМАРОВ**  
**Жубан Орынғалиевич**  
Директор ЦДЮТиЭ  
Бокейординского района, ЗКО

### *Аңдатпа*

*Бұл мақалада Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарихы, қазіргі күндегі қызметі және іс-тәжірибесі туралы жазылған.*

### *Аннотация*

*Эта статья освещает работу центра детско-юношеского туризма и экологии Бокейординского района, в ней рассказывается о ее истории, деятельности и опыте работы*

***Ключевые слова:** Бокеевская Орда, Великая Отечественная война, дополнительное образование, экспедиция, экскурсия, научно-исследовательская деятельность, поисковые работы*

### **Из истории центра**

Коммунальное государственное учреждение «Центр детско-юношеского туризма и экологии» отдела образования Бокейординского согласно решению акима Бокейординского района (№172 от 07.07.2006 г.) начало осуществлять свою деятельность в сфере дополнительного образования для детей с 2006 года.

Изначально центр был открыт в селе Хан Орда-сы, в 2012 году случилось переселение в административный центр района – поселок Сайхин, и уже в 2013 году учреждение получило в пользование двухэтажное здание (бывший детский сад), в том же году при центре открылся стационарный туристско-оздоровительный лагерь «Арай», который занимается организацией отдыха и оздоров-



ления детей школ района в каникулярное время.

В разное время центром руководили Тусипкалиев Олжас Саткангалиевич, Курмашев Кенжебек Аскарлович, Хайрушев Жасулан Жасталапович, в данное время руковожу я.

**Цели, задачи, направление деятельности**

Целями и задачами центра являются следующее:

- создание условий для получения качественно-дополнительного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе общечеловеческих ценностей;
- развитие учебных, культурно-просветительских, творческих, организационных, научно-исследовательских способностей обучающихся в сфере туризма, спорта, экологии, геологии, краеведения, музееведения, военно-патриотической деятельности, юных спасателей, бардовской песни;
- удовлетворение образовательных и обучающих потребностей учащихся и педагогов, реализация их творческого потенциала и интересов;
- развитие интеллектуальных, творческих, физических возможностей личности, реализация их способностей;
- укрепление здоровья и формирование здорового образа жизни воспитанников;
- формирование общей культуры личности обучающихся на основе программ дополнительного образования;
- социальная адаптация учащихся;
- сопровождение индивидуального развития обучающихся в процессе дополнительного образования;
- профориентационное обучение;

- экологическое и патриотическое воспитание обучающихся;

- организация оздоровительного отдыха детей.

Направление деятельности связано с организацией кружков туристской (туристское многоборье, велосипедный и лыжный туризм, горный туризм), краеведческой (краеведение, музееведение), и экологической (экология, геология) направленности.

**Работа центра в наши дни**


На сегодняшний день в центре детско-юношеского туризма и экологии Бокейординского района осуществляют деятельность 9 педагогов (включая педагогов туристско-оздоровительного лагеря).

Работа ведется в 32 кружках, кружки различной направленности открыты во всех 9-ти общеобразовательных школах района, в 2-х детских садах, а также в кабинете психолого-педагогической коррекции Бокейординского района. Совместная работа с этой организацией началась с 2023-24 учебного года, когда впервые был открыт кружок экологического направления, который посещают дети с ограниченными физическими возможностями.

В том же учебном году, также впервые были открыты кружки туристского направления для маленьких детишек детских садов.

С 2022 года при нашем центре функционирует кружок юных спасателей.

За последние три года центр проделал большую организационную, методическую и педагогическую работу, целью которой было укрепление материальной базы, усовершенствование знания и умения педагогов, и самое главное всесторонняя помощь и поддержка кружковцев в освоении учебных программ и достижении результатов в



различных соревнованиях, конкурсах, слетах и тд.

Эта работа дала свои плоды, например, воспитанница кружка по горному туризму Джумагалиева Гулизар в 2022 году на областной туриаде «Карлыгаш» в дистанции «Личная» заняла третье место, в том же году на областных соревнованиях по технике горного туризма памяти академика Жездыбаева стала победительницей в дистанции «Личная», по итогам года она вошла в состав сборной Западно-Казахстанской области по туристскому многоборью.

В 2023 году Гулизар улучшила свои результаты, заняв первые места во всех областных соревнованиях в которых принимала участие, это туриады «Алтын Дала» и «Карлыгаш», соревнования по горному туризму на призы М.Жумаева и памяти Т.Жездыбаева, в составе сборной ЗКО заняла второе место на республиканских соревнованиях по туристскому многоборью, по итогам 2023 года юная спортсменка была признанной лучшей среди девочек области.

В 2024 году Гулизар продолжила покорять новые вершины, уже по «привычке» заняв первые места на соревновании по технике лыжного туризма «Акшакар», на соревнованиях по горному туризму на призы М.Жумаева, на туриаде «Карлыгаш», здесь уже были важны успехи на республиканских мероприятиях, и наша ученица достигла их заняв первое место на республиканских соревнованиях по горному туризму на естественном рельефе проходившем в Алматинской области, венцом этих достижений стало присвоение Джумагалиевой Гулизар звания «Кандидат в мастера спорта по туристскому многоборью»!

Если продолжить тему достижений в различных мероприятиях, то стоит заметить, что и другие наши кружковцы добились заметных успехов, так в 2022 году наши юные учащиеся-геологи в составе сборной ЗКО заняли второе место на Республиканском слете юных геологов, учащиеся туристских и краеведческих кружков по трем номинациям заняли третьи места в республиканском конкурсе «Энциклопедия туризма», проводимом РУМЦДО, на туриаде «Карлыгаш» заняты второе и третье места, также добыто второе место на областном слете туристско-краеведческих отрядов «Моя Родина Казахстан», на областном чемпионате по спортивной орнитологии «Батыс Бердинг» юные наши орнитологи заняли третье место в общекомандном зачете.

2023 год также был благополучен в плане побед и призерства на мероприятиях различного уровня: 2 место на международном слете юных

геологов, 1 место на республиканском конкурсе «Энциклопедия туризма», первые и вторые места на областном слете туристско-краеведческих отрядов «Моя Родина Казахстан», второе место в областном краеведческом конкурсе «Жанды сабақтар», второе место в номинации «Ансамбль» в областном фестивале «Шырқа гитара!», первое и третье место на туриаде «Карлыгаш», третье место на дистанции «Триал» на областных соревнованиях по технике велосипедного туризма «Серебрянная спица», открытый чемпионат области по спортивному ориентированию «Весеннее ориентирование» -2 места на дистанциях «Средняя» и «Личная», 1 место на экологической олимпиаде «Жасыл», 1,2,3 места на соревнованиях по спортивному ориентированию «Батыс азимут», областная туриада «Алтын дала» -1 и 3 места.

В текущем 2024 году наши кружковцы продолжают радовать своими достижениями. Так, наши учащиеся на областных соревнованиях по технике лыжного туризма «Акшакар» в номинации «Туристское фото» заняли первое место и третье место на дистанции «Личная», на соревнованиях по горному туризму завоевано первое место, также наши воспитанники добились первого и второго места на областных соревнованиях по технике велосипедного туризма «Серебрянная спица».

Кроме достижений учащихся наш центр в 2022 году занял второе место на областном конкурсе «Лучшая экологическая организация», в том же году заняла первое место на конкурсе среди оздоровительных детских лагерей и приняла участие на республиканском этапе, по итогам 2023-2024 учебного года ЦДЮТиЭ был признан лучшей организацией дополнительного образования по Бокейординскому району.

Педагог дополнительного образования Кенжебаев Досжан Нурланович был награжден нагрудным знаком «Друг детства», а ПДО Нурмуханбетов Бауыржан Талгатович благодарственным письмом директора РУМЦДО.

Работа с педагогами и учащимися по улучшению подготовки к соревнованиям продолжается.

### **Из опыта работы**

Важное место в деле воспитания учащихся играют различные экскурсии, экспедиции, походы и путешествия по родному краю, ребята закрепляют знания, полученные на кружковых уроках. Участвуя в различных экспедициях, обучающиеся могут накопить интересный материал по изучению природы и истории своего края. Любознательные детские души жаждут приключений, встреч с таинственными явлениями.



Даже незначительные происшествия во время подобных мероприятий могут стать предметом долгих разговоров у ребят.

Важнейшим этапом подготовки туристско-краеведческих экспедиций является работа с учащимися по технике безопасности проведения указанных мероприятий. От качества подготовки по технике безопасности зависят жизнь и здоровье учащихся, работоспособность группы и успешность выполнения поставленных задач.

Заинтересовать учащихся экспедиционной работой несложно. На фоне теоретических занятий по краеведению путешествие по родному краю, палаточная жизнь на природе с костром и печёной картошкой и романтика поиска всегда притягивает ребят магнитом.

Очень важно объяснить юным краоведам, что экспедиция – это не «пикник на обочине», а активная работа по проведению поиска и исследований. А также самостоятельное благоустройство стоянки, организация ночлега, приготовление пищи.

**Методы исследований в краеведческих экспедициях.**

***Выбор объекта или района исследования.***

Объект исследования выбирается исходя из выявленной информации. Информация об объекте может быть найдена в литературных и документальных источниках, в интернете и просто со слов местных жителей.

Район исследования чаще определяется картографическим методом.

Таким образом, используя крупномасштабные карты, мы с ребятами определяем наиболее перспективные места для проведения экспедиции.

***Картографический метод*** мы так же используем при выявлении наиболее старых населённых пунктов. Мы определяем место нахождения исчезнувших сёл по условным знакам (кладбище есть – села нет) или сопоставлением старых географических карт с современными картами.

Исторически так сложилось, с Бокейординским районом связаны две важнейших события в истории нашего государства, это образование и существование Бокеевского ханства и участие Казахстана в Великой Отечественной войне.

Наш центр выделяет особое внимание изучению этих события, ведутся экспедиционные, экскурсионные, научно-исследовательские и поисковые работы.

**1. Бокеевская Орда.** В селе Хан Ордасы находится Западно-Казахстанский областной историко-культурный, архитектурно-краеведческий музей-заповедник «Хан Ордасы».

Этот уникальный объект состоит из ряда музеев, в которых собрана история Бокеевской Орды с момента его возникновения в 1801 году до наших дней.

Педагоги и кружковцы нашего центра совершают экскурсии в музей-заповедник, работают с фондом, тем самым пополняя свои краеведческие знания и собирают материал для научно-творческой деятельности.

**2. Бокейординский район в годы Великой Отечественной войны.** С началом решающего и поворотного события в Великой Отечественной войне Сталинградской битвы в 1942 году Западный Казахстан стал ее ближайшим тылом, а Бокейординский район непосредственным участником тех героических событий.

С 2013 года педагоги и учащиеся краеведческих кружков центра ведут научно-исследовательские и поисковые работы по изучению истории нашего района в годы Великой Отечественной войны.

По составленному годовому плану проводятся экспедиции в рамках экспедиционного проекта «Бокейординский район в годы Великой Отечественной войны», в которых ведется опрос местных жителей, изучаются места бомбардировок, проводятся поисково-раскопочные работы.

За 11 лет кропотливого труда силами наших педагогов, учащихся а также волонтеров были найдены и перезахоронены с воинскими почестями останки 45 солдат и офицеров Красной Армии, отдавших жизнь за свободу Родины.

В экспедиционном проекте «Бокейординский район в годы Великой Отечественной войны» принимают участие не только учащиеся и педагоги нашего района, но и из других районов, областей и соседних государств.

Опыт экспедиционных работ, большое подспорье в реализации патриотического воспитания подрастающего поколения, собранные материалы и сведения используются в составлении образовательных программ дополнительного образования для краеведческих кружков, при проведении кружковых занятий, научно-практических конференций и других мероприятий.

**Использованная литература:**

1. Устав ЦДЮТиЭ Бокейординского района.
2. Гумаров Ж.О. Материалы экспедиционного проекта «Бокейординский район в годы Великой Отечественной войны».
3. Данилов В.Н. «Методика проведения школьных краеведческих экспедиции»



**НЕСІПҚҰЛОВА**  
Бекзат Нұрғалыққызы  
ОБЖСТЖЭО директорының  
ОӘЖ орынбасары, география  
пәнінің мұғалімі,  
Талғар қ., Алматы обл.



**АЛИЕВА**  
Ләззат Нұрғалыққызы  
БЖТЖӨО-ның үйірмесінің  
жетекшісі, география  
пәнінің мұғалімі,  
Астана қ., Ақмола обл.

## Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің педагогикалық маңыздылығы



### Аннотация

Мақала Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің даму тарихын және осы кезеңдердегі жекелеген тұлғалардың рөлін зерттеуге арналған. Мақаланың авторлары бұл тұлғалардың қызметін, олардың Қазақстандағы балалар туризмі жүйесін құруға және дамытуға қосқан үлесін талдайды. Балалар мен жасөспірімдердің туристік жорықтарын ұйымдастырудағы, олардың демалуы мен сауығуы үшін жағдай жасаудағы, сондай-ақ өскелең ұрпақтың табиғатқа, Отанға және салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеудегі олардың рөліне ерекше назар аударылады.

### Аннотация

Статья посвящена изучению истории развития детско-юношеского туризма в Казахстане и роли отдельных лиц на этих этапах. Авторы статьи анализируют деятельность этих лиц, их вклад в создание и развитие системы детского туризма в Казахстане. Особое внимание уделено их роли в организации туристских походов детей и подростков, создании условий для их отдыха и оздоровления, а также воспитанию у подрастающего поколения любви к природе, Родине и здоровому образу жизни.

**Түйін сөздер:** балалар мен жасөспірімдер туризмі, туристік-өлкетанушылық, құндылықтар, патриоттық, оқыту-тәрбие құралы, саяхат, жорықтар.

**Б**алалар мен жасөспірімдердің туристік-өлкетану жұмысының негізгі мақсаты туған жерінің, елінің табиғаты, тарихы, мәдени мұралары туралы білімдерін терең меңгеруге, Отанын сүйуге, тілін құрметтеуге тәрбиелейді. Туристік-өлкетанушылық зерттеулерде білім алушылардың өз жері туралы білімдері кеңейіп, туған елінің тарихына деген сүйіспеншілігі мен құрметі артады. Жас буынды, жаңа тұлғаны қалыптастыруға туризм және өлкетану жұмыстарының маңызы зор.

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туризмі тек демалыс ғана емес, сонымен қатар олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқаратын педагогикалық құрал болып табылады. Бұл туризм түрі балаларға кең

ауқымды білім мен тәжірибе алуға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға және өмірлік маңызды құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік береді. Туризм сонымен бірге өзінің тұрған аймағын білудің, сондай-ақ физикалық және рухани дамудың, еңбек және қолданбалы дағдыларды қалыптастырудың құралы. Ол негізінен үйірме жұмыстары арқылы іске асады.

Туристік және өлкетану үйірмелері мазмұны мен құрылымы жағынан география, тарих, биология пәндерімен байланысты. Әсіресе география, жаратылыстану пәнінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде зерттей жүре (ауа райын бақылау, өзен, көлдерін, топырағын, өсімдік, жануарлар дүниесін) экологиялық тәрбие алып, экологиялық мәдениетті қалыптастырады,

табиғатқа қамқорлық жасауға, еңбексүйгіштікке дағдыланады. Археология және өнер тарихы, этнография, экономика, және басқа да ғылымдарға да жақын. Туристік-өлкетанушылық жұмыстарда ең алдымен балалар туризмінің негізін қалаушылар туралы деректерді бере отырып жұмыс жоспары жасалынады.

Туризмге оқушыларды тарту үшін алдымен туризм түсінігі пайда болу жолдары айтылады. Қазақстан жерінде алғашқы туристік ұйымдар ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында ұйымдастырыла бастады. 1929 жылы Г.И. Белоглазов пен Ф.Л. Савин Алматы қаласынан Есік көліне дейінгі тұңғыш туристік жорықты басқарып, 17 мектеп мұғалімдерін қатыстырды. Ал 1950-60 жылдары Алматы жоғары оқу орындарында тау туризмі, альпинизм, спорттық туризм біртіндеп дами бастап, туристік нұсқаушылар тобы қалыптасты.

Республикамыздағы туристік-өлкетану бағытындағы балалар мекемелерінің мемлекеттік желісі ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында құрыла бастады. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1960 жылғы 17 желтоқсандағы № 1060 қаулысына сәйкес Алматы қаласында Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы ашылды.

60-шы жылдары республиканың облыс орталықтарында да жас туристердің 13 облыстық станциялары ашылды. Республикалық станция басшылары басында Мәскеуден нұсқаулық-әдістемелік материалдар, әр түрлі кеңестер алып, жоспар жасап, облыс станцияларына таратып, жұмыс жасауды бастап кетті. Еліміздің көптеген

мектептерінде туристік үйірмелер ашыла бастады, олардың қатысушылары Кеңес Одағының бүкіл аумағында туристік жорықтарға шыға бастады.

70-жылдардың ортасында Қазақстанда туризмнің материалдық базасын нығайтып, саяхаттық-туристік ұйымдар көбейді. Әсіресе туған өлке, аймақтар бойынша жорықтар мен экспедициялардағы жүздеген туристік топтар өз ауылдарының, аудандары мен қалаларының тарихы, экономикасы мен мәдениеті туралы бай материалдар жинады. Бұл жұмыстардың нәтижесі мектеп өлкетану мұражайларының құрылуына материалдық база болды.

80-жылдардың аяғында туризм құрылымында біршама өзгерістер болып, жаңадан туристік экскурсия қауымдастықтары құрыла бастады. Осы жылдары Қазақстан балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына С.С.Абдамбаев, Т.Қ.Жездібаев, В.П.Фомин, О.Б.Мазбаев т.б. үлкен үлес қосты.

1992 жылы Ә.С.Бейсенова, О.Б.Мазбаев ҚазҰПУ-де туризм мамандығын ашса, С.Р.Ердәулетов «Тұран» университетінде, ҚазҰУ-де туризм кафедрасын ашып, туризм мамандығы бойынша жаңа кадрлар дайындап, республикадағы туристік саланы дамытуға зор үлестерін қосты.

Еліміздегі балалар туризмінің негізін қалаушылар: Абдамбаев Сейітжапар Сейітқасымұлы мен Жездібаев Төкеш Қабалұлы жүздеген мыңдаған ізбасарларына алғаш рет балалар туризмінің таңғажайып әлемін ашты. 50 жылдан астам өмірлерін Қазақстанда туризм мен



альпинизмді дамыту ісіне арнаған, балалар туризмінің негізін қалаған тамаша адамдар туралы көпшілігі біле бермейді.

Абдамбаев Сейітжапар Сейітқасымұлы – 1973-1994 жылдар аралығында Республикалық жасөспірімдер мен балалар туристік станциясының директоры болып 21 жылдан астам уақыт қызмет атқарды. «КСРО және ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі», «ҚР-ның Еңбек сіңірген білім қызметкері», альпинист - спорт шебері, альпинизм нұсқаушысы, туризм әдіскері, туризм және спорттық бағдарлау жарыстары бойынша республикалық дәрежедегі төреші болды. «Күн мен желге қарсы» жолнұсқаушы кітапшасының авторы.

С.С.Абдамбаевтың басшылығымен станцияның жұмысы жаңа деңгейге көтеріліп, балалардың табиғатпен жақындасуына, спортпен шұғылдануына жағдай жасалды. Оның бастамасымен көптеген жастар тауға шығу, туристік жорықтарға қатысу сияқты іс-шараларға белсене араласты.

Жездібаев Төкеш Қабалұлы – Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы ашылған 1961-ші жылдан бастап, станция жабылған 1997-ші жылға дейін 36 жыл бойы білімі мен күшін сарқып балалар туризмінің «ыстығы мен суығына» төзіп, адал еңбек етті. Төкеш Қабалұлы 70-тен астам әдістемелік ұсынымдар мен құралдарды әзірледі. Соның ішіндегі бірегейі «Краеведение Казахстана». КСРО және ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі, еңбек ардагері. Ол спорт шеберіне кандидат, тау туризмі бойынша аға нұсқаушы, спорт туризмі бойынша республикалық санаттағы төреші болды. Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризм және өлкетану академиясының академигі атағын алды. Балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамытуда халықаралық және аймақаралық байланыстарды нығайтудағы сіңірген зор еңбегі үшін «Алтын компас» иегері атанды.

Республикалық жас туристер станциясы тізгінін 1994 жылы Мазбаев Орденбек Білісбекұлы ұстады. Кейіннен станция «Оқушылардың халықаралық туризм орталығы» болып қайта құрылған болатын. «Менің Отаным – Қазақстан» жобасын іске асырып, сондай-ақ туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру кезінде гидтер мен экскурсоводтар ретінде жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз етті. Орденбек Білісбекұлы – географ-ғалым, география ғылымдарының докторы, профессор, саяхатшы. Мәскеу халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану

академиясының «Алтын компас» және мемлекеттік марапат «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының құрметті туризм қызметкері. Ол Қазақ Ұлттық Университетінің және Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің туризм кафедрасында студенттеріне халықаралық және ішкі туризм, туризм менеджменті мен маркетингі туралы теориялық білім беріп, туризм техникасынан практикада білімдерін бекіттіріп, түрлі категориядағы жорықтарға алып шықты. Қазіргі уақытта Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің туризм кафедрасында туризм мамандарын дайындауда өз тәжірибесімен бөлісіп студенттерге дәріс беруде. Студенттер мен оқушыларға арналған «Туризм және өлкетану негіздері» т.б.19-дан аса оқу құралдары мен оқулықтарының авторы.

Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына зор үлес қосқан Шаяхметов Асхат Галиевич сонау 1975 жылдан Целиноград қалалық жас туристер станциясында іс-шара ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып 1989 жылдарға дейін жұмыс істеді. Кейіннен Алматы облысында Боралдай мектебінде туризм бойынша жаттықтырушы болып жұмысын жалғастырды. 1996-2005 жылдары мектепте басшылық жұмыс атқарса да өзінің сүйікті ісін жалғастырып, балалар туризмімен айналысып жүрді. Астана қалалық жас туристер орталығында 2005-ші жылдан директоры болып қызмет жасаған Шаяхметов Асхат Галиевич өмірінің 41 жылдан астам уақытын балалар туризміне арнаған. Туризмнен ҚР-ның еңбек сіңірген нұсқаушысы, КСРО аға нұсқаушысы, спорт шеберіне кандидат, Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану Академиясының академигі, төрт жыл қатарынан Бүкілодақтық кадрларды даярлау семинарының қатысушысы болды. Ол №19 мектептің туристік-өлкетану моделін әзірлеп, іске асырды. Балалар туризміне сіңірген еңбегі үшін «Алтын компас» жоғары наградасымен марапатталған. Ол туристер мен нұсқаушылардың бірнеше буынын дайындады. Алтай, Кавказ, Байкал маңы, Түрікменстан, Қырғызстан, Тянь-Шань және туған өлке жолдары бойынша балалар мен мұғалімдерге арналған туристік жорықтардың ұйымдастырушысы болды.

Асхат Галиевич Астанада 200 шақырым жерде орналасқан Ерейментау ауданында «Бұйратау» Мемлекеттік Ұлттық саябағында балаларға арналған «Батыр» туристік шатырлы лагерін ұйымдастырған. Жаз айларында үйірмеге қатысатын балалар 10-12 күн бойы лагерьдегі

шатырда тұрып, қайың орманының ішінде құстар әнімен оянып, таңертеңгілік жаттығулар жасап, таза ауамен тыныстап, бұлақтың мөлдір суын ішіп, суға түсіп, күнге күйіп демалатын. Әр баланың өз міндеттері болатын: отын жинау, от жағу, тамақ жасау, ыдыс жуу, су тасу т.б. жұмыстарды өздері жасап үйренуге зор мүмкіндік болды. Арасында әртүрлі маршрутта үш күндік жорыққа шығып 7-8 шақырым жол жүріп, 3-4 күндік тағамдарын, палаткаларын, жатын орындары мен киімдерін, ыдыстарын өздері көтеріп, қиын жолда шыдап, шынығып қайтатын. Жол-жөнекей жануарлар мен жәндіктер және өсімдіктер түрлерімен танысатын. Лагерьде әр баланың спорттық, туристік жарыстар мен өнердегі таланты ашылатын, жүлделі орындар алған оқушылар марапатталып, мақтау қағаздарын иеленді. Балалар күнделікті пайдаланатын гаджеттерді қойып, табиғат аясында табиғатпен етене жақын болып, экологиялық тәрбие алып, бір командада болып өмір сүруге дағдыланады. Мұндай демалыс «Батыр» лагерінде болған балалардың өмір бойы естерінде қалады. Міне, балаларға осындай мүмкіндікті сыйлаған Асхат Галиевичтің еңбегі зор болды.

Шаяхметов А.Г. «ҚР туризмін дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған медальмен, «Туризмнің құрметті қызметкері» белгісімен, А. А. Остапец-Свешниковтың «Туризмге адалдығы үшін» медалімен марапатталды.

Алматы облысының балалар туризмінің дамуына еңбегі сіңген Абдулхаиров Абжемиль Закерьянович – қазіргі уақытта педагогика ғылымдарының кандидаты, Қырым инженерлік-педагогикалық университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті,

философия докторы, Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризм және өлкетану академиясының академигі. А.А.Остапец-Свешников атындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының Қырым аймақтық филиалының төрағасы. Абжемиль Закерьянович – Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін аяқтаған соң мектепте мұғалім болып жүріп, өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында шәкірттерін Бүкілресейлік және Халықаралық туристік экспедицияларға қатыстыра бастады. Оның жетекшілігімен балалар қазақстандық жерлестерінің жауынгерлік жолы туралы және Жетісу өңірінің тарихы мен этнографиясы туралы материалдар жинады. Сондай-ақ оқушыларын республикалық және бүкілодақтық конкурстар мен жарыстарға шығарып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындар иеленді. Мектеп алдымен ауданда, содан кейін облыста туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың жетекші орталығына айналды. Оқушылар мен мұғалімдерге КСРО республикаларының батыр-қалаларына, Орта Азия қалаларына, Тянь-Шань, Памир, Алтай, Орал, Кавказ тауларына, Қырым, Қиыр Шығыс, Сібір, Камчатка бойынша экспедициялық сапарлар ұйымдастырып, оқушылардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастырып, денсаулығын нығайту ретінде бұқаралық туризмді насихаттап жұмыс жүргізді.

Абжемиль Закерьянович 1989-2001 жылдары Алматы облысының балалар-жасөспірімдер туризм және экскурсиялар орталығының директоры болып қызмет атқарды. Сол жылдары облыста 5 туристік базалар, 10 туристік сауықтыру лагерьлері, 1 қалалық жас туристер станциясы



ашылды. Балалар-жасөспірімдер туризм және экскурсиялар орталығы балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру міндеттерін басшылыққа алатын облыстық, республикалық және бүкілодақтық слеттер, жарыстар мен ғылыми конференциялар өткізілетін орынға айналды.

Қазіргі кезде қазақстандық балалар туризмі жұмысы «Балалар мен жасөспірімдер» орталығы арқылы іске асуда. Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары т.б. жоғарыдағы ұлттық құндылықтарға толы туризм, өлкетану жұмыстарын тиімді қолданып келеді. Өзіміздің педагогикалық тәжірибемізде 7-8 жыл бойы оқушылармен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарында қолданудамыз. Кезекті оқушылармен туған жерге саяхат барысында Сақ қорғанының шырақшысы болған атақты археолог, аңыз адам Бекен атамен (Бекен Нұрмағамбетов) кездесіп ол кісіден бата алған.

Қазіргі уақытта «Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» баланың құндылықты бағдарын қалыптастыру, қабілетін, тұлғалық қасиетін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту, кәсіби бағдар іздеуде көмек беру мақсатын және ғылыми іздену жұмыстарын жандандыру, оқушылармен ғылыми жобалар дайындау, өлкетану жұмысын белсендіру зерттеу, музей ұйымдастыру, оқушылардың демалысын ұйымдастыру және денсаулығын нығайту, балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру міндеттерін басшылыққа алып жұмыс жүргізуде.

Орталықтың қосымша білім беретін педагогтары шығармашыл оқушыларға көмек пен қолдау көрсетеді, білім беру мен шығармашылық

қызметтің түрлі саласындағы дарынды балалардың үлесінің артуына себептеседі. «Гүлдене бер, Қазақстан!» атты республикалық туристік-өлкетану-экологиялық зерттеу жұмыстарының байқауына жыл сайын қатысатын оқушылар да аз емес.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік оталығы ұйымдастыратын барлық байқауларға қатысқан оқушыларымыз жүлдесіз қалған емес. Сонымен қатар, үйірмеге қамтылған оқушылар республика, облыс көлемінде өтетін жарыстар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр.

«Менің Отаным – Қазақстан» атты туристік-экспедициялық жасақтардың облыстық слетіне жыл сайын қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Үйірме жүргізушілер оқушылар, студенттер арасында бұқаралық туризмді насихаттап, жорықтар мен экскурсияларды тұрақты өткізіп тұрады. «Тарихы терең, табиғаты көркем – туған өлкем!» атты туристік-экологиялық танымдық жорық жобасы бойынша аудан мектептерінің жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайлары төмен және белсенді, дарынды балалар қамтылып, Жетісу өңіріндегі қасиетті орындарға экскурсия ұйымдастырылды.

Орталықтағы үйірмеге қатысатын оқушының барлығы дерлік әр-түрлі экскурсияларға, жорықтарға қамтылды. Маршрут бағыттары – Есік көлі, Түрген шатқалы, «Медвежий» сарқырамасы, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, облыстық өлкетану-археологиялық музейі, Ақши ауылындағы Дәркембай Шоқпарұлы атындағы қолөнер музейі, Алматы қаласындағы Орталық мұражайы, «Тәуелсіздік монументі»,



Рахат ауылдық округіндегі Сақ тайпаларына тиесілі Өрікті қалашығы, Алматы қаласындағы 28 панфиловшы-гвардияшылар атындағы парк, Талғар ауданындағы «Ақ бұлақ» кешені, Казачка сарқырамасы, т.б.

Бұл аталған іс-шаралар көптеген жұмыстардың бірі бөлігі ғана. Кезекті жорық, саяхат оқушыларға зор танымдық даму, әлеуметтік дағдылар қалыптастырады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмінің педагогикалық маңызының негізгі аспектілері:

- Танымдық даму:

- Тарихи және мәдени мұралармен танысу: Мұражайларға, тарихи орындарға саяхаттау арқылы балалар өз елінің тарихын тереңірек түсініп, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

- Табиғатпен жақындасу: Табиғат аясындағы саяхаттар балалардың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп, экологиялық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

- Әртүрлі мәдениеттермен танысу: Басқа қалалар мен елдерге саяхаттау арқылы балалар әртүрлі мәдениеттермен танысып, төзімділік пен сыйластыққа үйренеді.

- Әлеуметтік дағдыларды дамыту:

Топпен жұмыс істеу: Саяхат барысында балалар топпен жұмыс істеді, өзара қарым-қатынас жасауды үйренеді.

- Жауапкершілік сезімін қалыптастыру: Өздеріне жүктелген міндеттерді орындау арқылы балалар жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

- Көшбасшылық қабілеттерін дамыту: Кейбір саяхаттар барысында балаларға көшбасшылық рөлдер беріледі, бұл олардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

- Жеке тұлғаның қалыптасуы:

- Өзін-өзі тану: Жаңа ортада өзін-өзі тану арқы-

лы балалар өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашады.

Тәуелсіздікке үйрету: Саяхат барысында балалар өздеріне тәуелсіз шешім қабылдауды үйренеді.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту: Саяхат барысында балалар өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

Адам мен табиғаттың адамгершілік аспектісін ашуда, ақыл-ой мен сезімді тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда рухани, экологиялық тәрбие жетекші орын алады. Бүгін қоғамымызда туризмнің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызы арта түсуде. Туризм тәрбие, білім жүйесімен қатар сауықтыру міндеттерін бірге шешіп, балаларды өз жерін, қоршаған ортасын сүйуге, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелейді.

#### Қолданған әдебиеттер:

1. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. «Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2013. - 152 б.

2. Шаяхметов А.Г. «Вестник академии детско-юношеского туризма и краеведения» №3. 2015.

3. Мазбаев О.Б., Сардаров О.А. Современные тенденции и перспективы развития детско-юношеского туризма в Казахстане // II Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы развития туризма». - Москва, 2018. - С. 111-120.

4. Фомин В.П. «Туристско-краеведческая деятельность как форма патриотического воспитания детей» Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании».

5. Константинов Ю.С. Педагогика школьного туризма, учебно-методическое пособие, 2-е изд., дополнен. М.: ФЦДЮТиК, 2006. 208с.

6. «Соқпақ – Тропинка» №4 (99) 2022 жыл.





## Құрманғазының ұстазы – Ұзақ күйші



**БИМУХАНОВ**

Ертай Сағындықұлы,  
ҚР ақпарат саласының үздігі,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Орал қаласы, БҚО

### *Аңдатпа*

Мақалада Құрманғазының ұстазы Ұзақ күйші мен ол өмір сүрген ортасы, өнері туралы айтылады.

### *Аннотация*

В статье говорится о наставнике Курмангазы Узак куйши, о его жизни, искусстве, о его окружении.

**Кілт сөздері:** домбыра, күй, хандық, дүлдүл, үзік, шежіре.

Қаратөбе – әсем ән әлдиімен қатар, күмбірлеген күміс күйімен де тарих төрінен елеулі орын алатын өңірлердің бірі. Атақты халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлын күй құдіретіне баулыған ұстазы Ұзақ күйшінің зираты Қаратөбе өңірінде екендігін бұқара халық жақсы біледі.

«Ұзақ – бұрынғы Бөкей хандығына (қазіргі Атырау, Орал-Жайық атырабына) атағы жайылған дүлдүл күйші. Ұлы күйші Құрманғазы Сағырбаевтың ұстазы. Күйшінің өмірі жайлы деректер өте аз.

Өмір сүрген кезеңімен алғанда XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысына келеді», - дейді Ахмет Жұбанов өз еңбегінде.

Ұзақ Мырзабайұлының тегі – Барамықтың Сырлыбайы. Ұзақтың зираты Қаратөбе ауданының Аққозы ауылдық округі аумағындағы Ақтұлым қорымында. Белгілі өлкетанушы Қайыржан Хасановтың келтірген деректеріне сүйенсек, Ұзақ күйші шежіресі төмендегіше тармақталады. Алаша - Барамықтың Сырлыбайынан екі бала – Қожаназар, Байназар өреді. Қожаназардан жалғыз Өтеулі, ал одан төрт бала тарайды.

Соның бірі – Мырзабай. Мырзабайдан екі бала – Ұзақ пен Құлшық туады. Ұзақ кейін белгілі күйші болады. Одан Киікбай, Құлман, Рахметолла, Сірелі, Ораз деген бес бала өрбиді. Ұзақтың інісі Құлшық Мырзабайұлынан Сұлтанғали, Қопа, Нұрмақ, Ақпамбет деген төрт бала болған. Қопадан Жанғазы, Нұрғазы тарайды.

Ұзақ күйші Сағырбайдың үйінде қонақта болғанда кішкене Құрман (оның шешесі еркелетіп Құрман дейтін) 13-14 жас шамасында болса керек.

Ұзақ жөнінде А.Жұбанов: Хан-Базарда (Орданы бір кезде солай атайтын. А.Ж.) болып тұратын домбыра тартыстың қызу ортасында жүретін, Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ атты күйші болды. Өзінің туып өскен жері Жайық өзенінің шығыс жақ беті болғанымен, домбырашылық дәстүрде Ұзақ Бөкейлік жағына бейім болды (Өзі Алатауда туғанымен әншілік сүтін Көкшетау дәстүрінен еміп ауызданған Балуан Шолақ сияқты А.Ж.).

Өмір тәжірибесі де, көрген-білгені де көп Ұзақ қайда жүрсе де қадірлі, сыйлы қонақ болды. Өзі күй шығаруды машық етпегеннен бе,



Ұзақтың атымен байланысты күй бізге бірен-саран болып қана жетіп жүр. Бірақ өзінің аса қабілетті орындаушылығы және сол өңірдің күй қорының көпшілігін меңгергені арқасында Ұзақ күй жарысында жүлдені басқаларға бере қоймайтын.

Ұзақ қарт өзінің бір сапарында Сағырбай қоңсы қонып отырған баяғы Шағбала байдың ауылына келеді. Әдетше байды, барды сағаламайтын Ұзақтың ат маңдайы Сағырбайдың қоңыр үйіне келіп тіреледі. Қонақуар Алқа барынша Ұзақты күтеді, сыйлайды, «барым әзір, жоқ жәй» көрсетеді. Күй кешіне жиналған халық Сағырбайдың төрт қанат үйінің «аузы-мұрнынан» шығады. Таң саз беріп атқанша Ұзақтың күйі таусылмайды. Бірінің артынан бірі түйдектеліп небір әсем күйлер кетіп жатады. Күйдің басында ауызша түсінік беріп, аяғында «осылай болыпты» деп қорытқан сан түрлі, сан мазмұнды күйлер тыңдаушы халықты балқытады. Ақылдының сөзіндей ойлы күйлер үзік түндегі жұлдыздай болып шұрқ-шұрқ үйге жел соғып тұрғанын да тыңдаушыларға байқатпайды. Күй кеші – көңіл кешіне айналып, күндіз байдың малын баққан, шөбін шапқан, малын сауған еңбек адамдарының бейнет басқан еңселерін бір көтеріп тастайды. Шалдар басын шайқап, кемпірлер ауыздарын сылп еткізіп, өздерінің ризалықтарын, таңтамаша қалғандарын әрқайсысы өз бойында бар сезімдерімен білдіреді.

Осы бір көпшіліктің ішінде артықша ықыласпен тыңдап отырған, қаққан, басқан қолдарына бірдей қарап көзін айырмай, күйлердің ара-арасындағы әңгімелерді аузының суы құрып тыңдап, күйшінің бір қозғалысын қалт жібермей аңдып отырған бала жігіт Құрманғазыға Ұзақтың қырағы көзі түседі. Ауыл адамдары тарқап, өзді-өзі қалған кезде Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Ұзақ өзінің “Ұзақ Ақжелең” күйін тартқанда жас Құрманғазы сол күйді аудармай тартып беріп, Ұзақтан бата алған. Кейін күйші ұстазына арнап “Ақжелең” күйін шығарған.

Бізге жеткен «Ұзақ Ақжелең» күйін А.Жұбанов нотаға Дина Нұрпейісованың тартуында түсіріп, “Құрманғазы” атты кітабына енгізген.

Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» кітабында «Ақжелең» күйі турасында: - Дина бір

әңгімесінде: «Ұзақ асқан орындаушы болды, бірақ өз жанынан күй шығарған емес, мына «Ақжелең» Құркеңнің Ұзақ ұстазына арнап шығарған өз күйі» деген болатын.

Күйдің жалпы кескіні, орындалу сазы Құрманғазы күйлеріне келеді.

«Ұзақ Ақжелең» – жалпы жүрдек, көңілді, көркем күй. Басқа күйлерден айырмашылығы ол «Ұзақ Ақжелеңнің» іліп-қағып орындалуында. Бұл сияқты орындау түрі күйге жеңіл ырғақтылық кейіп береді. Әсіресе күйді бізге жеткізген Динаның өзі орындағанда, адамның ақылы жетпейтін бір техникалық қиындықтар, күтпеген дыбыс бояулары шығатын. Күйдің ауызда жүрген белгілі программасы жоқ. Музыкасының әуеніне қарағанда бұл күй белгілі бір шабыт келген кездің «көңіл күйі» болу керек. Буыннан-буынға көшуі де үнемі біртіндемей, секіру арқылы болып отырады. Мүмкін Динаның орындауына тән осылай болып бізге келіп, ал о баста өзгешерек болуы да ғажап емес. Өзін біржолата күй жолына бұруға бірінші себеп болған Ұзаққа деген шәкіртінің «Рақмет-күйі» деуге де болар еді?! - деп жазады.

Көрнекті ақын Хамит Ерғалиевтің «Қозыбақ сазы» туындысында:

Жоқ еді бұл аспабы кеше кеште,  
Тағдырдың базарлығы осы емес пе?!  
Түн бойы Ұзақ күйші күй боздатып,  
Саркылған сары қымыз кесе, мекте.

Елемей зекіргенін бір шалдың да,  
Естімей десе біреу:  
– Қамшы алдың ба?  
Таянып екі жағын осы бала,  
Күйшінің жатқан еді қарсы алдында.

Күй тоқтап, жұрт айығып мүлде ойынан,  
Әңгіме гулегенде мал жайынан.  
Оларға құлақ түрмей ата күйші,  
Бір мұның сипап еді маңдайынан.

Ол бұған бос құмартып қал, демеді,  
– Қолына сен де осыны ал! - деп еді.  
Жадында сақталмапты басқа сөзі,

Тағы да тапсырғаны әлде не еді?! - деген өлең шумақтарынан да Ұзақ күйшіден бала Құрман – дүлдүл күйші Құрманғазының бата алғандығы аңғарылады.



## Вавилино 1 тұрағындағы жүргізілген қазба-жұмыстары хақында



**САГИДУЛЛИН**  
Уалихан Ергалиевич  
Қараөзен мектеп-лицейі  
тарих пәнінің мұғалімі,  
педагог-модератор,  
тарих ғылымдарының магистрі,  
Казталов ауд., БҚО

### *Аңдатпа*

*Бұл мақалада Тасқала ауданының тас ғасыры дәуіріндегі тарихы тезистік түрде сипатталған. Тасқала ауданы Каспий маңы ойпаты мен Жалпы Сырттың түйіскен жерінде орналасып, орта палеолиттен бастап адамдардың қоныстануы үшін қолайлы жағдайларға ие болды. Ауданның бірегей ерекшелігі - шөгінділері бұзылмаған қабаттарды анықтауға мүмкіндік беретін стратификацияланған ескерткіштердің болуы, оларға Вавилино 1 ескерткіштерін жатқызуға болады.*

### *Аннотация*

*В данной статье в тезисной форме охарактеризована история Таскалинского района в эпоху каменного века. Таскалинский район располагаясь на стыке Прикаспийской низменности и Общего сырта, имел благоприятные условия для заселения людьми, начиная со среднего палеолита. Уникальная особенность района – наличие памятников со стратифицированным контекстом, позволяющим выявить nepotrевоженные отложения, к таковым можно отнести Вавилино 1.*

***Кілт сөздері:** қазбалар, пластиналар, фрагменттер, ретуш, чиптер*

**Е**скерткішті алғаш рет Н.М. Малов 1986 жылы ашқан, ол 1988 жылы артефактілерді қайта жинаған. 1991 жылы Н.М. Моргунова автотұрақта қазба жұмыстарын жүргізді, бұл ескерткішті неолит Еділ-Жайық аралығындағы тас ғасырын түсіну үшін зерттеудің маңыздылығын көрсетті. Ескерткіш Деркөл өзенінің оң жағалауында орналасқан және қазіргі уақытта апаттық жағдайға жатады. 2018 жылы А. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкері Мамиров Талғат Базарбайұлының жетекшілігімен Батыс Қазақстанда тас дәуірін зерттеу аясында Ешкітау, Деркөл 1 және Вавилино 1 ескерткіштерінде жұмыстарын бастаған болатын. Вавилино 1 автотұрағында 16 шаршы метрлік шағын қазба жұмыстары жүргізілді, мыңнан астам тас артефактілер, қыш ыдыстар мен жануарлардың сүйек қалдықтары та-



былды. Қазба жұмыстары барысында неолит дәуіріне жататын 15-20 см мәдени қабаттың болуын көрсетті. Ескерткіштің 30 см-ге дейінгі жоғарғы қабаты өткен ғасырдағы антропогендік әрекеттермен жойылды. Мәдени қабаттан алынған деректерге назар аударсақ, қырғыштар, ретуш, пластиналардың фрагменттері, геометриялық микролиттер, пластиналарға арналған призмалық нуклеус және т. б. кездеседі.

Сонымен, Н.Л.Моргунованың айтуынша, бұл ескерткіш Елшан типті ескерткіштердің ең оңтүстік нүктесі болуы мүмкін [1, 224-бет]. Вавилово 2 (Вавилино 1), Орал мәдениетінің кейінгі неолит дәуіріне жататын көрсетеді [2, 146, 176 беттер; 3, 361 беттер; 4, 37 беттер]. 1991 жылы осы ескерткіште қазба жұмыстарын жүргізген Н.Л. Моргунова оны жақын маңдағы Вавилино елді мекенінің әкімшілік атауына сәйкес Вавилино 1 [8, 1-2 б.] деп атады (2010 жылдан бастап – Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының Бастау кенті). Сондықтан біз ескерткіштің бұл атауын да қабылдадық Вавилино 1 [9, 96-бет]. Вавилино 1 ескерткіші Деркөл өзенінің оң жағалауында Бастау кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан (бұрынғы атауы Вавилон). Ескерткіштің беті антропогендік әрекеттермен толығымен бұзылған, жер бедерін қарасақ, су жинағыш арықтар мен газ құбыры тартылған егістік жер және жақын жерде мал ұстайтын орын байқалады.

2018 жылы Вавилино 1 тұрағының қазба жұмыстары салыстырмалы түрде тегіс жерде 4x4 шаршы метр қазба жұмыстары жүргізілді [8, 5-7 беттер]. Бастапқы қабат (10 см) алынып



қаралып, қалған мәдени қабаттардан табылған топырақ електен мұқият өткізілді. Артефактілер 45(50) см тереңдікке дейін кездеседі (сурет-2). Д. А. Гавриловтың топырақты морфологиялық-генетикалық талдаудан жүргізіп, көптеген топырақтың радиокөміртектік және химиялық құпияларын ашады. (кесте. 1).

Құралдардың ең үлкен тобы проксимальды (8 дана), медиальды (18 дана) және дистальды бөлімдермен (2 дана) ұсынылған ретушпен (28 дана) пластиналардың фрагменттері табылады. Пластиналардың проксимальды фрагменттерінің орташа ені 12,2 мм, қалыңдығы 4,3 мм, максималды сақталған ұзындығы 24,3 мм. негізінен пластиналардың фрагменттері бір немесе екі шегінде алдыңғы шеткі ретушпен өңделеді, тек бір фрагментте бір шегінде кері ретуш бар. 16, 1x12,3x2,7 мм өлшемдері бар пластинаның бір фрагменті алдыңғы жағында бөлінген ойықтармен «ұстап», біршама тарылған негізге ие (сурет. 3:26). Пластинаның жүздерінде бір проксимальды фрагменті бар (сурет. 3: 24), бәлкім, қырғыштың дайындамасы, сол жағы кесілген бетке, оң жағы сынған болуы мүмкін (сурет. 3: 25).

Ең көп медиальды қималар (18 дана), олардың орташа ені 12 мм, қалыңдығы 3,4 мм, максималды сақталған ұзындығы 21,7 мм. Пластиналардың фрагменттері бір немесе екі жиектің алдыңғы ретушімен (7 дана), бір жиектің кері ретушімен (3 дана) өңделеді (сурет. 3: 19), ауыспалы ретуш (2 дана) (сурет. 3: 28), жүзінің тістері бар(1 дана), қарама-қарсы (1 дана). Пластиналардың шеттеріндегі біріктірілген жанасуы кездеседі.


Пластиналардың дистальды фрагменттері тек екі, олардың өлшемдері 16x8,8x4,3 мм және 18,5x19,7x5, 4 мм, олар шеттерінің бірінің беткі өңдеуімен өңделеді. Пластиналар мен чиптердің көлденең қималарындағы кескіштер сияқты құралдардың түрлері ерекшеленеді (10 дана). Негізінен кішкентай бұрыштық кескіштер (сурет. 3: 29), медианалық түрлері де бар (сурет. 3: 16-17). Кескіштердің бүдірлерімен кездеседі 3 дана. (сурет. 3: 11, 27). Пластиналық чиптердегі қырғыштар (4 дана), барлық ұштары дөңес жұмыс жиегімен, біріншісі 15x14,8x3, 2 мм жиектері өңделген (сурет. 3: 23), екінші өлшемі 17,4x13, 5x4 мм, тістелген жүзі бар тозған чипте (сурет. 3: 20), үшінші өлшемі 27,5x13,7x4,5 мм, бөлінген жапырақ ойықтары бар және төртінші өлшемі 15,3x18, 5x5, 6 мм.

Коллекцияда пластиналардың фрагменттеріндегі екі геометриялық микролит бар, біріншісі-трапеция, өлшемдері 19,5x12,9x3, 8

мм, ұштары кесілген, жоғарғы негізде кері ретуш және төменгі негізде кері тісті (сурет. 3: 12) және екіншісі – үшбұрыш, өлшемдері 15,8x9,5x3 мм, бүйірлерінің алдыңғы тік ретушімен (сурет. 3: 13).

Тісті-ойық бұйымдар (7 дана), қабыршақтарда, чиптердің фрагменттерінде және техникалық чиптерде орындалған (сурет.3: 30), кейбір өнімдерде тікенектер бар. Коллекцияда өлшемдері 52,2x45,6x15 болатын қайталама тұтастай алғанда үлкен бұрыштық қырғыш бар, пышақ алдыңғы қабыршақты ретушпен безендірілген (сурет. 3: 1); қайталама қабыршақтағы қырғыш; фрагменттегі нүкте көлемі 33,2x21,3x10 мм, жұмыс ұшы алдыңғы ретушпен бөлінген тас; тұмсық тәрізді құрал, көлемі 31,2x32,7x14, 5 мм массивті чиптің фрагментінде; пышақпен проксимальды пластиналық Чип фрагментіндегі кескіш құрал сол жақ шетінен қарама-қарсы ретушпен бөлінген.

Тұтас және ретушпен қабыршақтардың фрагменттері, мылтықтардың сынықтары (11 дана), өлшемдері 54, 9x44,5x18,6 мм, шеттерінде ретушпен бір жаппай Чип (сурет. 3: 2), қалғандары негізінен 1,5-тен 3 см-ге дейін, шеттерінде ретушпен, бітелу белгілері бар.



(сурет-1).

Бастапқы бөлу техникасы (9 дана) қабыршақты пластинаның медиальды фрагменттерімен ұсынылған (4 дана), үрпектерге арналған нуклеус фронтынан, өлшемдері 62,9x61,5x16, 9 мм, нуклеус түбінен және 52,1x40,4x21,3 мм және 47,2x40,1x15,7 өлшемді пластиналы нуклеустарға арналған пластиналар кездесті.

Кварцит тәрізді құмтастан жасалған өндіріс қалдықтары (631 дана) ретушсыз пластиналардың фрагменттерімен, ретушсыз тұтас және фрагменттелген пластина, қабыршақ және сынықтармен ұсынылған. Ретушсыз пластиналардың фрагменттері (126 дана), пластиналардың орташа ені 13,2 мм, қалыңдығы-4 мм. қабыршақтар (21 дана), негізінен 1-2 см және 2-3 см және қабыршақтар (23 дана), шамамен 1 см, қабыршақтар мен пластиналардың сынықтары (445 дана), негізінен 1 см-ден аз – 75 дана және 1-2 см-302 дана, әртүрлі сынықтар (16 дана) негізінен 2-3 см (11 дана).

Кремнийлі құралдар сынықтары және ретушті пластиналар (37 дана) немесе кремнийлі жыныстардың барлық артефактілерінің 42% жатқызуга болады. Коллекцияда ең көп қырғыштар бар (15 дана). Пластинадағы қырғыштар (3 дана), барлық соңы, бірінші өлшемі 13,9x12,1x3,1 мм, солға қиғаш жүзі бар, екінші өлшемі 14,5x9x4,7 мм, дөңес жұмыс жиегі және жоғарғы сол жақ бұрышта бөлінген тікенек, үшінші өлшемдері 18,7x14,8x2,8 мм, ойық жүзі бар және шеттерінде қайта өңдеу ретушімен.

Пластиналық қырғыштар (5 дана), барлық соңы, бірінші өлшемі 17,2x12,2x4,7 мм, дөңес тісті жүзі бар, сәл оңға қарай қисайған (сурет. 4: 5), екінші өлшемдері 22,2x15,2x4,1 м, шеттерінде бет терісі бар дөңес жүзі бар, үшінші өлшемі 16,9x12,1x3,7 мм дөңес жүзі бар және шеттерінде қайта өңдеу ретушімен (сурет. 4: 6), қалғандары дөңес жүздермен.

Қырғыштардың ұшқындары (7 дана), барлық ұштары, кішкентай пішіндері, негізінен тырнақ тәрізді, өлшемдері 15,3x13,1x4 мм, оң жақ шеті кері микроретушпен толық өңделмеген (сурет. 4: 10), өлшемі 13,5x12,2x4,7 мм дөңгелек пішінді (сурет. 4: 9), өлшемдері 12,7x11,4x3,5 мм, сол жақ жиегі кері ретушпен толық өңделмеген (сурет. 4: 8), өлшемдері 13,6x15,1x4,3 мм, солға қиғаш жүзі бар.

Дөңес жүздері бар тұтас екінші реттік чиптердегі екі соңғы қырғыш, біріншісі 18,7x15,3x3,9 мм (сурет. 4: 7) және екінші өлшемдері 17,4x13,5x4,1 мм (сурет. 4: 4). 8,4x11,7x2,7 мм өлшемді дистальды Чип бөлігіндегі қырғыштың бір сынығы

дөнес жартылай дөңгелек жүзімен.

Кремнийлі жыныстардан жасалған өндіріс қалдықтары келесі түрлермен ұсынылған: қайталама өңдеусіз пластиналардың фрагменттері (12 дана), пластиналардың орташа ені - 10,1 мм, орташа қалыңдығы – 2,7 мм; қайталама өңдеусіз тұтас үлшектер-2 дана, өлшемдері 17,2x15, 1x9, 5 мм және 13, 3x7, 8x2, 8 мм, таразы – 10 дана, шамамен 1 см; қабыршақтар мен пластиналардың сынықтары (21 дана), негізінен 1-2 см – 18 дана, 1-2 см – 5 дана, 2-3 см-3 дана нуклеоидты сынықтар (8 дана), бір дөңгелек пішінді.


Бұл жерде 6 сүйек қалдықтары анықталды, П. А. Косинцевтің анықтамасы бойынша 2 жылқының немесе құланның тістерінің сынықтары ретінде анықталуы мүмкін, қалғандары анықталмайды. 30-45(50) см тереңдікте 222 тас артефакт анықталды, оның ішінде кварцит тәрізді құмтастан – 165 дана (74,3%) және кремнийлі жыныстардан – 57 дана (25,7%). Сондай-ақ, көкжиекте 1-2 см өлшемдері бар 8 дана керамика қалдықтары анықталды.

Кварцит тәрізді құмтастан жасалған бастапқы бөлу техникасы 61,9x33,7x19,5 мм өлшемді пластиналар үшін тегістелген бір қабатты бір жақты призмалық нуклеуспен ұсынылған (сурет. 5: 1) және 52, 3x21, 1x14,9 мм қырлы техникалық чиптермен.кварцит тәрізді құмтастан жасалған өндіріс қалдықтары ретушсыз пластиналардың фрагменттерімен,тұтас және фрагменттелген чиптермен, ретушсыз, қабыршақтармен ұсынылған. Қайталама өңдеусіз пластиналардың фрагменттері

(45 дана), негізінен медиальды (22 дана) және проксимальды (17 дана) қималармен ұсынылған, дистальды бірлік (6 дана), пластиналардың орташа ені 12,3 мм, қалыңдығы 3,7 мм.

Коллекцияда ең көп қырғыштар бар (6 дана). 18, 4x16x4,3 мм өлшемдегі соңғы қабыршақтардағы қырғыштар (сурет. 5:8) және 14,1x15,5x4,7 мм (сурет. 5:5), Бірінші қырғышта сол жақ шеті алдыңғы микроретушпен бекітілген. Қазба жұмыстарының топырақ профилі, сондай-ақ ұқсас тас артефактілер жиынтығы автотұрақ бір неолит дәуіріне жатады, кейбір кеш материалды қосады. Мәдени көкжиектің жоғарғы бөлігі антропогендік әрекеттермен жойылды, мүмкін бірінші көкжиек негізінен (10-30 см) төменгі көкжиекке де қатысты. Кешеннің бір мезгілде болуы барлық сүйектердің бірдей сақталуын көрсетеді (П.А. Косинцевтің айтуы бойынша).

2018-2020 жылдар аралығында Вавилино 1 кешенінде Ә.Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері жүргізген «Солтүстік-Шығыс Каспий маңындағы тас ғасыры» жобасы бойынша 48 шаршы метр алаңға қазба жұмыстары жүргізілді. Табылған жәдігерлер 30-50 см тереңдікте кездеседі. Табылған сүйектер М.Шагирбаевтың сараптауымен жылқы сүйектері екені анықталды. Тұрақтан табылған артефактілер көпшілігі қырғыштар, ретуш әдісі бойынша жасалған тас құралдар, тескіштер, жүзі өткір пышақтар және т.б. Тұрақтан алынған сынама радиокөмірқышқыл анықтамасы бойынша және



(сурет-2).

керамика қалдықтары ерте неолит дәуіріне Еділдің төменгі бөлігімен Солтүстік Каспий маңы тұрақтарымен сәйкес келетініне көзіміз жетеді.

Біздің облысымызда аса сирек кездесетін Вавилино 1 тұрағы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптарының бірі. Әліде кешенді зерттеулер жалғасын тапса әлемдік жаңалықта ашылып, шетелдік ғалымдардың назарын аудартатын тақырыпқа айналып, киелі Тасқала өңірі тарихына жана парақтар қосылып, өлке тарихы қалындай түсетініне бек сенімдімін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Моргунова Н.Л. Неолит и энеолит юга лесостепи Волго-Уральского междуречья. Оренбург: Южный Урал, 1995. 224 с.
2. Юдин А.И. Варфоломеевская стоянка и неолит степного Поволжья. Саратов: Изд-во Саратов-ун-та, 2004. 200 с.
3. Археология Нижнего Поволжья. В 4 т. Каменный век / Под общ. ред. д-ра ист. наук А.С.Скрипкина. Волгоград: Волгоградское научное издательство, 2006. Т. 1. 458 с.
4. Юдин А.И. Варфоломеевская стоянка – опорный памятник орловской неолитической культуры Степного Поволжья // Археологические вести. 2004. Вып. 11. С. 23-41.
5. Малов Н.М. Разведки на Деркуле // Археологические открытия 1986 года. М.: Наука, 1988. 486 с.
6. Малов Н.М. Отчет об археологических разведках произведенных в Каменском районе

Уральской области в 1986 году. Саратов, 1987. Рукопись. Фонды Института археологии им. А.Х. Маргулана. №2146, Описание 2. 108 с.


7. Малов Н.М. Отчет об археологических исследованиях на р. Деркул за 1988 год. Саратов, 1989. Рукопись. Фонды Института археологии им. А.Х. Маргулана. № 2234, Описание 2. 100 с.

8. Моргунова Н.Л. Отчет об археологических исследованиях на р. Деркул у с. Кузнецово Каменского района Уральской области по Открытому листу, выданному Институтом истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова / от 24.06.91 г./ Оренбург, 1991. Рукопись. Фонды Института археологии им. А.Х. Маргулана. № 2362, Описание 2. 30 с.

9. Мамиров Т.Б., Баиров Н.М., Клышев Е.Е., Мамиров К.Б., Куандык С.Р. Полевые исследования каменного века в Западно-Казахстанской области в 2018 году (предварительное сообщение) // Археология Казахстана. 2019. №1 (3). С. 91-98.

10. Юдин А.И., Выборнов А.А., Васильев И.Н., Косинцев П.А., Кулькова М.А., Гослар Т., Филиппсен Б., Барацков А.В. Неолитическая стоянка Алгай в Нижнем Поволжье // Самарский научный вестник. 2016. №3 (16). С. 61-68.

11. Васильев И.Б., Выборнов А.А., Козин Е.В. Исследования неолитической стоянки Каир-Шак 3 // Неолит и энеолит Северного Прикаспия: Межвузовский сборник научных трудов. Куйбышев: Куйбышевск. гос. пед. ин-т, 1989. С. 18-45.



(сурет-3).



## «Шыңғырлау ауданы табиғатының жеті кереметі» экспедициясы



### АБДИРОВА

Гүлжиһан Алматқызы  
«БҚО әкімдігі білім басқармасының  
Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің  
«Жас туристер станциясы» КММ  
өлкетану бөлімінің меңгерушісі,  
Бөрлі ауд., БҚО

### Аңдатпа

Бұл мақалада үйірме оқушылары мен жетекшілерінің Шыңғырлау ауданына экспедиция барысындағы өлкетанулық, экологиялық зерттеу жұмыстары туралы айтылады.

### Аннотация

В статье рассказывается о экологической, краеведческой работе учащихся и руководителей кружков во время экспедиций в Чингирлауском районе.

**Кілт сөздер:** экспедиция, экскурсия, экология, өлкетану, табиғат, геология, флора, фауна, Шыңғырлау ауданы.

**Е**лімізге керек емес ертегі!  
Ертегіні өз балам да шертеді.  
Тарих керек!

Іргетасы ол халықтың,

Іргетассыз қаланбайды ертеңі! –деп Қадыр Мырза Әлі атамыз айтқандай, тарихты білу – өзіңнің отбасыңның, әулетіңнің, туып өскен өлкеңнің тарихын білуден бастау алады. Келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру-өз халқыңның тұрмыс тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас ұрпаққа ұғындыру, ұстаздың шәкірт алдындағы басты парызының бірі. Осы орайда оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру, патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, туристік өлкетануды дамыту мақсатында, Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» КММ жұмыс жоспарына сай, 2023 жылдың 25-28 шілде күндері Ақсай қаласы – Шыңғырлау ауданы – Қайыңды – Сегізсай – Ақсуат – Жусалы –Ақтау – Ақсай қаласы маршруты бойынша «Орал өңірінің жеті кереметі» атты экс-

педициясы ұйымдастырылды. Экспедицияға оқушылармен ұстаздар, атап айтсақ Аудандық білім беру бөлімінің басшысы А.Тржанова, БҚО педагогикалық қызметкерлерінің ардагерлер кеңесінің мүшесі А.Кадыргалиева, Жас туристер станциясының директоры М.Хасанов, музейтану бөлімінің меңгерушісі Г.Сакимова, және қосымша білім беру педагогтері қатысып, жоспар бойынша құрылған бағдарламамен саяхат жасады. Шыңғырлау өңірінің ата тарихы әріден бастау алған, қасиетті мекен. Құрсағынан небір тарихи тұлғалармен талантты ұл-қыз өрбіткен бұл мекеннің тарихы мол.

Экспедицияның бірінші күні: аудан орталығында орналасқан Шыңғырлау аудандық тарихи-өлкетану музейінен бастау алды. Музей меңгерушісі Тілеген Қалиев пен ардагер ұстаз Адақ Танабайұлы құшақ жая қарсы алып, аудан тарихы, туған өлкеңнің батырлары, атақты тұлғалары туралы құнды ақпараттармен музейдегі жәдігерлермен таныстырды. Одан кейін Адақ Танабайұлы ақ батасын беріп, оқушылармен ұстаздарға арнап «Шыңғырлау» аңыз жинағын

табыс етті. Музейді аралап болған соң, түскі астан кейін аты аңызға айналған Қонақай көліне жол тарттық. Табиғаттың өзі назарын салған көркем көлдің суы тұщы, жағасы-құрақ, түбі-бұлақ, елге көзайым жер.

Бағзыдан қалған аңыздардың бірі - Хазар (Каспий) теңізінің құрлықтың көбін алып жатқан шағында осы Қонақай көлі жалғыз тұщы су көзі болған екен дейді. Негізінен, теңізде өмір сүретін «көк аланың үйірі», «Суын көк» деп аталатын жылқы тұқымы осы Қонақай көлінен су ішетін болыпты. Қазақы дастандарда, аңыз-ертегілерде көп айтылатын «суын көктің» тұқымы бүгінгі араб жылқысының арғы атасы делінеді екен. Тағы бір аңыздарда бұл маңда ертеректе Қонақай есімді аса батыр өмір сүріпті. Батыр өзіне оқ дарымауының себебін қарт анасының берген бата тілегінің арқасы деп балайды. Сол тұстарда ел аузында сүліктей сұлу, бір үйір бірыңғай суын көк жылқының теңізден жылына бір рет жайылым бастарынан тұщы су ішіп жүрген «суын көктің үйірі» туралы аңыз жүреді екен. Бұл жайтта батырдың құлағына жетіп, жыл бойы суын көктің үйірін күтіпті. Қонақай батырдың жебесі қара тасты қақ жаратын өткір садағы бар екен. Батыр жылқыларды көру үшін сол маңды күні түні күзетіпті. Бір күні күзетте отырып қалғып кетсе, түсінде анасы «көзінді ашшы балам» дейді екен. Ояна кетсе, суреттегідей әдемі бір үйір жылқы су ішіп тұр екен. Батыр садағын алып ең болмаса

біреуін жаралап алып қалуды ойлайды. Осы кезде үйірін қорғаштай берген көк айғырды байқайды. Айғырдың басында алтын жүгені жарқырап жүр екен. Мұнша сұлулықты бұрын сонды көрмеген жаралауға қанша қимаса да жебесін жібереді. Айғырдың алтын жүгені үзіліп жерге түседі. Батыр жүгенді алып тамашалап тұрғанда, көк айғыр жылқы қайта оралып, ерні жыбырлап сөйлей жөнеледі: “Ей, батыр! Біз су патшасы Сүлейменнің жылқысымыз, алтын жүген біздің су астындағы патшалығымызға кіретін белгіміз, қайырымдылық танытып жүгенді қайтар дейді. Сонда батыр есесіне жылқыдан жүйрік тұлпар сұрапты.” Сөйтіп жылқы жыл сайын су ішуге келгенде бір жылқыдан әкеліп отыруға келіседі. Осылайша екеуі келісімге келіп, Суын көк өз үйірінен бір жылқыны батырға қалдырады. Суын көктің жылқысы өте жүйрік болыпты. Батыр да сертіне берік болып, су ішуге келген жылқыларды қорғап, жыл сайын бір жылқы еншілеп отырыпты. Осылайша батырда «Суын көктің» бір табын жылқысы болыпты. Оған сырттан қызыққан жау да көбейіпті. Бір күні батыр жалғыз аңға шыққанда, еліне жау шауып, батырдың қарт анасын қатты жарақаттайды. Елге келген батыр, жаудың ізінен шығып біразын қырыпты. Қашқан жау, қайта әскер жиып, «суын көктің үйірін аламыз» деп елге қайта беттепті. Қаптап келген жауды күтіп алып, қыра беріпті. Кенет Қонақай батырдың садағы шарт сыныпты. «Апырым-ай, бұлай болмаушы





еді, анама бірдеңе болды ма» деп қалыпты сонда батыр. Шынында да жаудың жеңілгенін күтіп, баласының тілегін тілеп жатқан қарт ана, дәл сол сәтте дүниеден өткен екен. Күндердің бір күні батырға садақтың оғы тиіп дүние салыпты. Батырдың садағы құлаған жер үлкен ор болып қалған екен, түбінен бұлақтардың көзі ашылып, қазір үлкен тұщы көлге айналыпты деседі. Көлді «Қонақай» көлі деп атапты. Бір қызығы, бүгінде сол көлді жоғарыдан қарағанда, нобайы сынған садақтың пішініне келеді екен. Осылайша Қонақай көлінің аңызымен танысып, суына шомылып экспедициямызды Торыатбас тауына жалғастырдық. Торыатбас тауы- Ақтау селолық округіне қарасты Марксизм елді мекенінің солтүстігіне қарай 3 километр жерде орналасқан, мезозой дәуірінің бор кезеңінен қалған геологиялық ескерткіш. Мезозой дәуірінің Хвалин теңізінің шөгінді жыныстары. Хвалин теңізінің қазіргі қалдығы Каспий теңізі Торатбас тауы етегінде ақжусан, қойбүлдірген, сүттегін, селеу, қызылмия, жидек көптеп кездеседі. Торатбас тауы теңіз деңгейінен 212 метр биіктікте орналасқан, ауданы — 1,6 гектар. Тау етегінде тұщы сулы бұлақ көздері көптеп кездеседі. Өсімдік түрлері де мол. Әсіресе емдік қасиеті бар өсімдіктер көптеп кездеседі. Аңыз бойынша, баяғыда Еділ мен Жайық деген екі бай бесік құда болыпты. Жайықтың сұлу бойжеткеніне сырттай ғашық басқа рудың жігіті қызға құда түсуге келеді. Келген елшіге Жайық

өзінің шартын қойыпты. Шартында үлкен жарыс өткізетінін, кім бәйгеден бірінші келсе қызын беретінін айтады. Өйткені, бай Еділдің ұлының торы тұлпары алдына қара салмайтынына сенімді еді. Еділдің ұлы торы тұлпарына отау тіккізіп, бір жағына су, бір жағына сүт құйған астау қойғызып баптайды. Жігіттің торы тұлпарының жүйрік екенін естіген қарсы жақтың жігіті қастық ойлап, кәрі мыстанды жібереді. Кәрі мыстан жылқыны үркітіп, айласын асырады. Бәйге болатын күні ел-елден келген жүйрік тұлпарлар бақ сынасады. Торы тұлпар жүзден озып келе жатып сүрініп көз жұмады. Торы атты таудың басына әкеліп жерлепті. Жігіт те құсадан бас көтермей бақилық болады. Ғашығының бақилық болғанын естіген ару қыз басындағы орамалын желге ұшырып, ғашығының басына асыға жүгіреді. Арудың өкпесі өшіп құлаған жерін халық «Қыземшек тауы» деп атап кетіпті. Қыздың әшекей бұйымы түскен жер жыл сайын алау қызыл қызғалдаққа толады екен. Қосағынан қапияда айырылған қыздың көз жасынан Шыңғырлау өзені пайда болған екен. Бір қызығы Торыатбас тауының формасы да жылқының мүсініне сай келеді екен. Өлкетанулық мәліметтерді жинақтап, геолого-экологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін, Қыземшек тауына ат басын бұрдық. Қыземшек тауы - оқшауланған шошақты шатыр тәрізді тау жұрнағы су мен жел эрозиясына ұшырауынан пайда болған екен. Тау жұрнағының



пішіні қыздың кеудесіне ұқсағандықтан осылай аталған. Тау жұрнағының абсолюттік биіктігі 200 м-ге жуық, ал салыстырмалы биіктігі 25-30 м. Бұл тау жұрнағы баурайларының қазіргі су эрозиясы әсерінен үгіліп бұзылуының нәтижесі болып табылады. Экспедицияның алғашқы күнін аяқтағаннан кейін, оқушылармен бірге білген, зерттеген мәліметтерді жинақтап, кешкі алау жанында бос уақытымызды өткіздік.

Экспедицияның екінші күні: Алмаз ауылының маңында орналасқан Соркөл тұзды көліне бардық. Аумағы 750 гектарға жуық жерді алып жатырған көлдің емдік қасиеті мол екен. Мұнда жыл сайын шілде, тамыз айларында туристтер қатары көбейеді екен. Көршілес аудандардан, облыстардан келіп ем алып демалатын келушілер қатары көптеп кездеседі. Шипалы тұзды көлдің суына ғана емес, балшығына да түсіп оны өзімен бірге алып кететін туристер қатары да аз емес. Бізбен қатар Ақтөбе облысынан келген қонақтар да болды. Жыл сайын көлге түсуге келіп, күнге қыздырынып шипа алады екен. Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл көлде сирек кездесетін «Артемия» құрты кездеседі. Оны косметикалық мақсатта шикізат ретінде пайдаланады екен. Қазіргі кезде құрттар азайып, көрінбей кеткен. Бізде тұзды көлдің балшығына аунап, суына түскеннен кейін әрі қарай жол тарттық. Экспедициямызды Алмаз ауылына қарасты Сегізсай ауылы жанында алыстан мен мұндалап жатқан Аққұм құмымен жалғастырдық. Облыстық мәні

бар мәртебеге ие Аққұм қорықшасы 1992 жылы құрылған. Ол Шыңғырлау ауданының оңтүстік шегінде орналасқан, 7,5 мың гектарды алып жатыр. Қорықша құрамына Аққұм құмды алабы, Қандықты, Сегізсай және Қаратал мекендері кіреді. Қорықшаның батыс бөлігіндегі Сегізсай жыраларында әр түрлі-бұталы өсімдіктермен үндескен байрақты қайың, көктеректі ормандар тараған. Қорықша аумағы биологиялық әртүрлілігімен бай, мұнда өсімдіктің 243 түрі тіркелген, Қазақстанның Қызыл кітабына оның 56-сы енген. Аққұмның құмына аунап, қыздырынып, суретке түсіп, аңызын тыңдап керемет әсер алдық. Бос уақытты тиімді өткізу мақсатында, бағдарламаға сай үйірме оқушыларымен бірге сергіту жұмыстарын жүргіздік. Ұстаздар және оқушылар болып екі топқа бөлініп, спорттық эстафеталық ойындар ұйымдастырдық. Одан кейін өңірдің экологиялық әлемімен танысу мақсатында, өлкенің флорасымен фаунасын зерттеп, гербарий жинақтадық. Өсімдіктер жамылғысында құм жусаны, өлеңшөп, арша, тобылғы қайың, көктерек, талдар, ал жүзгін мен қарағандар өседі. Зерттеу жұмыстарынан кейін, алынған мәліметтерді жинақтап, кешкі алау жанында оқушылардың өнерін тамашалап, бос уақытымызды өткіздік.

Экспедицияның үшінші күні: Ақсуат ауылының іргесінде орналасқан, әлемдегі ең кіші Сарқырама атанып кеткен Сарқырамаға жол тарттық. Сарқырама – адам қолымен жасалса да ғажап



эсер сыйлайтын табиғат мүйісі екен. Мұндағы тоған да, «әлемдегі ең кішкентай сарқырама» да Қыз әулие бұлағынан бастау алады. Бұлақтың ерекшелігі, суы тұп-тұнық таза, әрі суының құрамында күмісі көп екен. Аңыз бойынша бір үйдің бойжетіп келе жатқан қызы түнде ешкімге білдірмей төсегінен тұрып кетіп, таң алдында тырнағының көбесінен қан тамшылап келіп қайта жатады екен. Байқап қалған ата-анасы соңынан еріп бақыласа, қызы бір жерді тырнағымен қазып жатыр екен. Сол жерден кешікпей бұлақ шығыпты. Ал қыз көп кешікпей дүниеден өткен. Бүгінде жасыл мүйіс, борлы жыныс арасынан шым-шымдап шығып жатқан бұлақтың жоғары жағында темір шарбақпен қоршаулы Қыз әулие зираты тұр. Зират қоршауы түрлі-түсті шүберекке толы. Қыз әулие бұлағын бөгеп, одан айнадай жалтыраған тоған жасаған Нармағамбет болыс екен деген әңгіме қалған. Нармағамбет Төбетов – тарихи тұлға, заманында көзі ашық адам болған. Табын руының бір бөлігін басқарып, ел-жұртын егіншілікке, бау-бақша өсіруге баулыған. Бүгінде бұл жер жап-жасыл нулы орман, Қарағаш орман шаруашылығы мекемесі болып тұр. Нармағамбеттің өзі Кеңес өкіметі келгенде мал-мүлкін большевиктерге еркімен беріп, қуғыннан аман қалды делінеді. Болыс жан-жағын қоршап, бөгеген тоған суы күнбатыс тұсынан сарқырама болып, кісі бойындай жерден құлап ағады. Аққан су әрі қарай Бұлдырты өзенінің

бастауына қосылады екен. Тоған суы мөп-мөлдір, тереңдігі кей жерде 8-9 метрге жетсе де көл түбіндегі қиыршық тас, жүзген балық пен тасбақа аквариумдегідей ап-анық көрінеді. Сарқырама мүйісі бүгінде Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар киелі нысандары тізіміне енген. Бүгінде сарқырамаға жан жақтан келген туристтер, қона жатып демалушылар да кездеседі. Экспедиция мүшелері болып біз де сарқырама аузындағы шағын хауызға суға түсіп, бір демалып алдық. Суы мөп-мөлдір, мұздай болса да ел-жұрттың пікірінше, бұл судың емдік қасиеті бар. Осылайша үш күндік сапарымыз керемет табиғат, саф таза ауа аясында өтті. Кереметтей эсер, рухани азық алып, білім қорын молайтып экспедициямызды аяқтадық. Елі мен жерін танудың, оны қастерлеп, болашақ ұрпаққа сақтау әрбір адамзаттың борышы екендігін ұғындыруда белгілі жазушы Оралхан Бөкейханов «Тарихтың әр тарауында бір-бір ата тарихы бар» деп үлкен ой айтқан болатын. Біз жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетті ата бабаларымыздың бізге қалдырған мұраларымен таныстыру, оның тарихын оқыту арқылы сіңіруіміз керек. «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады» деген мақал бар. Келешек жас ұрпаққа туған жері мен елі туралы білімін жетілдіріп, сол арқылы Отанын сүйген азаматтық рухты қалыптастыра білсек, біздің еңбегіміздің жемісі сол болмақ.





## Сырым тарихы – Сырым музейінде



### ОЙШЫБАЙ

Айнагүл Мағауияқызы  
Сырым Датұлы атд.  
тарихи-өлкетану  
музейінің меңгерушісі,  
Сырым ауд., БҚО

### Аңдатпа

Мақала өскелең ұрпақты туған жерінің тарихымен таныстыру мақсатында музеймен байланыстыра жұмыстанатын ұстаздарға арналады. Онда аудан музейінің алатын орны мен атқаратын қызметі және жаңа музей туралы тың ақпарат берілген.

### Аннотация

Статья посвящена педагогам, которые будут связывать подрастающее поколение с музеем, в целях ознакомления с историей родного края. В нем представлена информация о месте и функциях музея района, а также о новом музее в Чингирлауском районе.

**Кілт сөздер:** музей, экспонат, экспозиция, Сырым, тарих, жәдігер

Сырым ауданы тоғыз жолдың торабында орналасқан, тарихы мен мәдениеті, тұрмысы мен әл ауқаты келіскен аймақ. Жол бойындағы жомарт елдің халқы өзінің өткені мен тарихи тұлғаларымен мақтанатын, оларды ардақтаудан қашанда өз үлестерін қосудан

талмайтын әзиз халық. Бабалар ерлігін насихаттап, оларды жас ұрпаққа үлгі ететін мәдени ошақтың озығы ол музей болып табылады. Білген адамға музей арқылы ұрпақ тәрбиесіне, жан – жақты білімпаздыққа үндейтін бірден бір музалар мекені музейлердің рөлі ұшан теңіз.



Бүгінде ауданымыздың айнасына айналған Сырым Датұлы атындағы тарихи – өлкетану музейінің құрылғанына 20 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында өзіндік орнын алып үлгерген музейдің қоры алты мыңнан асып жығылса, жылына 2 мыңнан астам келушілерге қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде екі ғимаратты меншігіне алған аудан музейі биылғы жылы жаңа ғимаратта жаңа экспозициясымен көрерменге есігін айқара ашып, музейдің жаңа дәурені басталды. Осы музейдің ашылуына аудан басшылығынан бастап, ауданның зиялы қауым өкілдері, өнерге жаны ашитын көптеген аға буынның игі тілеулес болуының арқасында жүзеге асты. Оған дәлел ауданымыздың абыз ақсақалы, өлкетанушы, Сырым мен Алаш тарихына қатар қалам тербеген ақсақалымыз, Сырым ауданының құрметті азаматы Жайсаң Досболатұлы Ақбай ағамызбен Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мұханғалиев Қуанышбек Жанболатұлы қатар келіп музей лентасын қиып баталарын берді. Сырым ағамыздың ұрпақтары демеушілік жасап, ауданның барлық үлкен кішісі, мекемелер мен бөлімдер облыстық музейлердегі әріптестеріміз өз қолдауларын білдірді.

Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музей бөлімінің бас ғимараты Сырым ауданы Жымпиты ауылында Алаш Орда көшесі 21 үйде орналасқан. Шаршы көлемі 789, қос қабатты жаңадан пайдалануға берілген ғимарат ауданға кірер жолдың бойында орналасқан. Ғимараттың бірінші қабатында музейдің қор бөліміне арналған 4 бөлме, сонымен қатар музей

менгерушісі, музейдің қор сақтаушысы, экскурсия жетекшілерінің кабинеттері мен мәжіліс және кинозал секілді маңызды жұмыс бөлмелерімен қамтылған. Ғимараттың екінші қабатында музейдің жаңа экспозициясы жабдықталған Сырым батыр тарихы залы, Қадыр Мырза Әлі және аудан мәдениеті залы, Соғыс және еңбек ардагерлері мен медицина, спорт залы, Табиғат, археология залы, Этнография залдары көрермен көзайымына айналуға.

I. Сырым батыр тарихы залы – архив материалдары, Сырымды зерттеген тарихшылар мен оның әдебиеттегі рөлін жазған жазушылар, Сырымтану бұрышы, ұрпақтары мен шежіресін қамтиды. Сонымен қатар батырдың бес қару топтамасы, Сырымның балауыз мүсіні, мөрінің түпнұсқа негізіндегі көшірмесі. Сырым жолын нұсқайтын диорамма және конференция мен экспедиция материалдары қойылған.

II. Қадыр Мырза Әлі және аудан мәдениеті залы – Қадыр Мырза Әлінің бұрышымен басталады. Оның жазу үстелі қойылып, машинкасы, мантиясы мен шапаны, тұтынған заттары, фото суреттері оның өмірі мен шығармашылығын қамтиды. Сонымен қатар аудандық ақпарат саласының ардагерлері, аудандық Сырым елі газеті тарихы, ақын жазушылар, Қазақ ССР-нің білім беру саласының үздіктері мен алғашқы халық мұғалімдері, ауданнан шыққан ғалымдар, мәдениет саласының үздіктері, театр тарихында заттай жәдігерлермен фотосуреттер арқылы тұрақты экспозицияда көрініс табады.


III. Соғыс және еңбек ардагерлері мен медицина,



спорт залы – Абдолла Жұмағалиевтің ерлікпен қаза тапқан сәті көрсетілген диораммамен басталады. Екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлерінің заттай жәдігерлері, тұтынған құжаттары мен медальдары, киген киімдері мен әр жылдардағы жалпы фотосуреттер қойылады. Сонымен қатар ауылшаруашылық саласының үздіктері, тың игеру тарихы, аудан медицинасының 130 жылдық тарихы мен республикаға танымал ғалымдары және спорт саласының ардагерлері туралы тарихты насихаттайды.

IV. Табиғат, археология залы – археологиялық қазба жұмыстардан табылған заттай жәдігерлер, ауданда жүргізілген экспедициялардың түрлі фотосуреттері мен олжалары қойылды. Ауданның киелі жерлері үлкен картада бейнеленіп, жарықшамдармен жарға ілінген. Қазақстанның киелі жерлеріне енген тізімдегі көрікті жерлер бөлек қашықтық форматта ілінсе, ауданның қызыл кітапқа енген өсімдіктері, флорасы мен фаунасын қамтитын жиырмадан астам аң құстардың тұлпыптары қойылған.

V. Этнография залы – 7 қазына топтамасының фрагменттерімен басталады. Жарда жайлаудың суреті салынған, алдына топтамаға енетін жылқы, бүркіттің тұлбы, қыз бен жігіт бейнесі сонымен қатар, ұлттық киімдер мен XX ғасырға дейінгі көне күмістер коллекциясы ыдыс аяқтар топтамасы қойылды. Төрде қазақтың 6 қанатты киіз үйі тігілген. Іші толықтай ұлттық жабдықтармен жабдықталған. Сүйек керует, адалбақан, сандықтар, дөңгелек жер үстел, көрпе, көпшіктер, ыдыс аяқтар, жастықағаш, асадал



секілді жиһаздық бұйымдар ұлттық этнографиядан сыр шертеді.

Музейіміз мамыр айында ашылды, содан бері мыңға жуық көрермен тамашаласа, оның жартысынан көбі мектеп оқушылары. Музей – адамзаттың рухани, материалдық құндылықтарының, ғылыми жетістіктерінің дамуы мен жай-күйін баяндайтын мәдениет ордасы ғана емес, ұрпақ жалғастығының негізгі алтын көпірі. Сондықтан да біздің мамандарымыз музейге бару, музейді тану, музейді бағалау мәдениетін қалыптастыру бағытында өлкеміздің тарихы туралы жұмыстанып қоғам игілігіне бағышталған өңір мәдениеті мен эстетикалық құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе бермек.





**БАКИРОВА**  
Динара Сериковна  
руководитель «ОО Алтын Адам  
креатив центр», директор «Филиал ОО  
Kaz Eco Patrol области Жетісу»  
г. Талдықорган, Жетысуская обл.

## Положительный опыт волонтерского экологического клуба «JASYL BOLASHAQ» в формировании «Зеленых» компетенций у детей



**ЦУРИКОВ**  
Вадим Владимирович  
главный IT координатор проекта  
мобильного приложения «JASYL  
BOLASHAQ» от «Филиал ОО  
«Kaz Eco Patrol» области Жетісу»  
г. Талдықорган, Жетысуская обл.



### Аннотация

*С целью сотрудничества и популяризации эколого-биологического направления дополнительного образования подрастающего поколения по туристско-краеведческому, эколого-биологическому, креативному и техническому направлениям, ориентированным на интеллектуальное, культурное и нравственное развитие детей и молодежи, их раннюю профориентацию и социальную адаптацию к жизни в обществе.*

### Аңдатпа

*Мақалада қосымша білім беру саласында жас буынға экологиялық -биологиялық, туристік-өлкетанулық, шығармашылық және техникалық бағыттарын кеңінен насихаттау қызметі туралы жазылған. Бұл бағыттар балалар мен жастардың интеллектуалдық, мәдени және моральдық дамуын, олардың кәсіби бағдарын ерте қалыптастыруын және қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімделуін көздейді.*

**Ключевые слова:** креатив этноцентр «Мамания өнер мектебі», «JASYL BOLASHAQ»

Онашей деятельности: Наши объединения «Филиал ОО «Kaz Eco Patrol области Жетісу» и ОО «Алтын Адам креатив центр» в рамках реализации программы «Жана Қазақстан» в целях защиты окружающей среды, озеленению планеты и пропаганде бережного обращения с природой, повышения эко-культуры, эко-сознания подрастающего поколения, для развития экологического туризма в регионе, популяризацию культурно-исторического наследия, агротуризма и проэкологической защиты окружающей среды реализует социально-инициативные проекты «креатив этноцентр «Мамания» өнер мектебі» волонтерский экоклуб и мобильное экоприложение «JASYL BOLASHAQ» которые представляют уникальную возможность для дополнительного образования, полезного досуга и развития креативного по-

тенциала детей, молодежи в области экологии и устойчивого развития, идеологического нравственного патриотического воспитания. Участие в волонтерском экоклубе позволяет учащимся, эковолонтерам расширить свои знания об окружающей среде, научиться принимать ответственные решения и развить навыки экологического лидерства, волонтерства. Включение школьников, студентов в волонтерскую деятельность позволяет сформировать необходимые личностные качества для его развития, формирования нравственных и ценностных ориентиров, а также способствует его профессиональному самоопределению.

Важной частью обучения является проведение выездных экскурсий, тимбилдингов, экоквестов, экоакции, мастер-классов, практических творческих занятий и реализация экологических про-

ектов. Эта концепция нацелена не только на обучение детей о природе, но и на вдохновение их научным творчеством и развитие в них уважения к природе и желания сохранить ее богатство для будущих поколений.

**ЦЕЛИ и Задачи:** Дополнительное экологическое воспитание и формирование «Зеленых» компетенций у детей.

1) полезный досуг и активная деятельность обучающихся, и развитие познавательного интереса детей к миру природы;

2) реализация программы волонтерского экологического клуба «JASYL BOLASHAQ» включает туристско-экологическое и креативно-техническое направление, в сфере охраны окружающей среды, внедрению знаний и педагогического опыта в области экологии, способствующих удовлетворению образовательных потребностей и поддержке подрастающего поколения, детей, молодежи, в том числе с особыми образовательными потребностями, экологической работе по благоустройству, озеленению, работе пришкольных участков, теплиц, школьных лесничеств, очистке родников, и других экологических мер в регионе;

3) Повышение качества проведения мероприятий, по туристско-краеведческому, эколого-биологическому, креативному и техническому направлениям, направленных на интеллектуальное, культурно-нравственное развитие детей, молодежи, и их социальную адаптацию к жизни в обществе;

4) Внедрение эксклюзивного Мобильного эко-приложения «JASYL BOLASHAQ» для широкой аудитории, призванного объединить усилия в борьбе за чистое будущее планеты.

Программа мобильного экоприложения «JASYL BOLASHAQ» - включает широкий спектр заня-

тий: от знакомства с растительным и животным миром и изучения экосистем до освоения навыков анализа данных и проведения экологических исследований.

«Наш принцип-беречь Природу» Руководитель ОО «Алтын Адам креатив центр» области Жетісу, Бакирова Динара Сериковна 1 июля 2022 года основала креатив этноцентр «Мамания өнер мектебі», с бесплатным обучением творческим навыкам детей, молодежи, в том числе с инклюзией, различным техникам как: бисероплетение, валяние из войлока, резьба по дереву, лоскутное шитье, декупаж, краеведение и мн.др, с использованием вторичных материалов, по принципу «Подари вторую жизнь вещам». С целью развития креативной индустрии, возрождения историко-культурного наследия, традиционных ремесел, проэкологической защите окружающей среды, для социальной интеграции, трудотерапии имеющей положительный оздоравливающий эффект, на ментальном уровне, ранней профориентации, дополнительного образования, и полезный досуг для подрастающего поколения (на примере ранее существовавшего УПК).

Школа создана для сохранения историко-культурного национального достояния, в честь возрождения памяти и 120-летия первого учебного заведения, очага знаний в области Жетісу, казахской школы «Мамания»-основанной просветителем и меценатом, Турсупек Мамановым, на основе медресе в 1899 г.в местечке Карагач, Аксуского района. Среди ее выпускников были, выдающиеся казахстанские деятели, поэт Ильяс Жансугуров, Билял Сулеев, Мейрман Ермектасов, академик Журимбек Сыдыков, общественный деятель Жекен Калиулы и другие выдающиеся личности.







**ЯКИМЕНКО**  
Галина Алексеевна  
научный руководитель сборной  
команды юных геологов “Сармат”,  
почетный геолог РК,  
г.Уральск, ЗКО

## Выполняем задания Президента



**ГАТАУОВ**  
Ниязбек Хамидуллиевич  
заведующий отделом экологического  
туризма ОЦДЮТиЭ, член РОО «Казахстанское  
национальное географического общества»,  
магистр пед. наук,  
г. Уральск, ЗКО



(Продолжение.  
Начало в предыдущем номере.)

**М**аршрутами были обследованы отложения  
близь линии стояния береговой линии  
бакинского моря в месте впадения Пра-Илека.

Сорколь – протяжённое грязевое озеро, образо-  
вавшееся в западинах древнего бакинского моря.  
Возможно, здесь накапливались тяжёлые мине-  
ралы – благородные и редкие тяжёлые металлы.

Поскольку промышленный интерес может  
представить малоизученный аллювий древних  
долин, отобрано две пробы.

Пески Аккум – ландшафтный заказник, поэто-  
му здесь отобрана лишь одна проба. Перевеянные

пески могут содержать редкие земли – лопарит,  
монацит, ксенотим.

Содержания элементов-микропримесей как в  
грязи Сорколя и песках Аккум, так и на куполе  
Челкар, следует выполнить комплексно, с мак-  
симальным количеством определяемых микро-  
элементов.

Использовать атомно-эмиссионный метод  
анализа с индуктивно связанной плазмой (АЭС-  
ИСП) и масс-спектрометрический метод анализа  
с индуктивно связанной плазмой (ИСП-МС).

С 6 апреля 2020 года АО «Казгеология» запу-  
стило геохимическую лабораторию ТОО «ALS  
Казгеохимия» (г. Караганда, 125-учетный квар-  
тал, строение 125/1) с улучшенными пределами



обнаружения содержания золота и платины с применением нового метода гидрогеохимии (Au-RATH14LTM):

Нижний предел,  
мкг/лВерхний предел,  
мкг/л  
Au0,000210  
Pt0,01100

Как следует из прайс-листа этой лаборатории, до начала определения тех или иных элементов, производятся следующие затраты:

- административный сбор за рабочий заказ - \$30,35;
- пробообработка - \$10,95;
- сушка- \$1,80;
- дробление- \$3,10;
- сокращение- \$2,05
- истирание- \$4,90
- И т о г о :- \$53,15

Стоимость определения, к примеру, платины, палладия и золота варьирует от \$18,5 до \$27,95 (золото с гравитационным окончанием).

Таким образом, стоимость одного анализа, к примеру, на золото, обойдется в \$71,65-\$92,35 (34,1-43,9 тыс. тенге по текущему на 16.07.2024 курсу 475,35 тг/\$).

Общее количество испытуемых образцов приведено в приложении 2.

Для определения в отобранных образцах содержания благородных и редких металлов и рассеянных элементов нужны значительные финансовые затраты. Ищем спонсоров!

#### 4. Мероприятия по охране недр и окружающей среды

Земная кора – минеральная основа биосферы – нуждается в защите, как и вся природа.

С добычей полезных ископаемых непосредственно связаны два рода проблем: охрана недр – рациональное использование минеральных ресурсов, и охрана земной поверхности в районах разработки месторождений, включая восстановление (рекультивацию) земель, мероприятия по предотвращению загрязнения почв, водоёмов и атмосферы.

«Охрана недр и окружающей среды включает систему правовых, организационных, экономических, технологических и других мероприятий, направленных на:

- 1) охрану жизни и здоровья населения;
- 2) сохранение естественных ландшафтов и рекультивацию нарушенных земель». (Статья 174 Кодекса Республики Казахстан О недрах и недропользовании от 27 декабря 2017 года № 125-VI ЗРК).

При проведении обследования мергеля кампанского яруса (K2 km), маршруты с отбором образцов проводились только севернее грейдера Акбулак – Ст. Миргородка, являющегося границей Миргородской ООПТ, не смотря на дальнейшее продолжение к югу выходов перспективных отложений кампана.

Образцы отбирались со склонов временных водотоков после зачистки и из мелких копуш, глубиной не более 0,4 м. После отбора образцов копуши засыпались (рекультивировались).

Аналогично исследовались отложения на участке Челкар.

На участке Сорколь места отбора образцов рекультивированы.

На участке Аккум взят всего лишь один образец, поскольку пески Аккум – особо охраняемая природная территория.



Бережное отношение к природе – наша первейшая обязанность.

#### Заключение

Основной теоретический и практический вывод по результатам работ следующий: юными геологами завершено площадное маршрутное обследование мергелей кампанского яруса на участке Сборный в Бурлинском районе Западно-Казахстанской области.

Работы начаты в 2016 году. По аналогии с Макатским месторождением мергеля для цементного сырья, стоящего на государственном балансе Республики Казахстан, по одиночной пробе 2016 года доказана пригодность мергеля в качестве сырья для производства портландцемента.

При проведении очередного областного слёта юных геологов в 2024 году, маршрутами с отбором характерных образцов было обследована вся площадь распространения мергеля на территории, свободной от посевов и с учётом Миргородской ООПТ.

Отобранные образцы готовы для определения химического состава по следующим компонентам:  $\text{SiO}_2$   $\text{CaO}$   $\text{Al}_2\text{O}_3$   $\text{TiO}_2$   $\text{Fe}_2\text{O}_3$   $\text{K}_2\text{O}$   $\text{Na}_2\text{O}$  н.о. (в воде) н.о. (в кислоте). Анализы планируем провести в аттестованной Актюбинской геологической лаборатории. Ищем спонсора.

Произведёт подсчёт прогнозных ресурсов. При коэффициенте вероятности прогнозных ресурсов

20 %, возможно выявление месторождения мергеля с запасами 29,7 – 32,7 млн. тонн.

Рекомендуется продолжение геологоразведочных работ с технологическим опробованием на пригодность мергеля в качестве однокомпонентного сырья для производства портландцемента.

Программой Правительства Республики Казахстан предусматривается развитие моногородов. Город Аксай с населением 38,4 тыс. жителей относится именно к таким малым городам.

Работа юных геологов очень актуальна, поскольку одним из путей решения проблемы моногородов являются, так называемые, «якорные» проекты по размещению альтернативных производств, направленных на долгосрочную диверсификацию экономики городов.

В Акжайкском и Чингирлауском районах маршрутами с отбором образцов юные геологи изучали отложения древнего Пра-Каспия – акчагыльского моря (3,6 млн лет назад, купол Челкар) и бакинское море (0,5 млн лет назад, северо-восточная часть купола Челкар, Сорколь. Аккум).

Прибрежно-морские западины и дельтовые россыпи могут содержать тяжёлые благородные металлы и редкоземельные элементы.

Для определения содержания благородных и редких металлов, рассеянных элементов нужна значительная финансовая поддержка. Ищем спонсоров!



Это – «новая нефть», найти которую по заданию Президента Республики Казахстан обязались юные геологи Приуралья.

**Список использованных материалов**

Нормативно-правовая база:

Кодекс Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» от 27 декабря 2017 года № 125-VI ЗРК (в действующей редакции)

**Опубликованная литература**

1. Абдулин и др. Россыпи золота Казахстана, Алматы, 1999
2. Зейлик Б.С., Кадыров Д.Р., Баратов Р.Т. «Космогенная угроза Земле и соляные купола, обнаженные и необнаженные в метеоритных кратерах, - новый тип месторождений благородных металлов», Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук. Космическая геология. № 1, с 109-133, 2012
3. Кожевников И.И., ред. Геологическая карта СССР. Серия Прикаспийская. Лист М-39-ХІІ. Союзная геологическая контора Главгаза СССР, 1958
4. Кожевников И.И., ред. Геологическая карта СССР. Серия Прикаспийская. Лист М-39-ХVІ. Союзная геологопоисковая контора Главгаза СССР, 1958
5. Свиточ А.А. «Большой Каспий: строение и история развития», МГУ, М, 201



Приложение 1

**Результаты химического анализа**

SiO <sub>2</sub>	CaO	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Ti O <sub>2</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	K <sub>2</sub> O	Na <sub>2</sub> O	н.о. (в воде)	н.о. (в кислоте)
4,74	46,28	1,52	0,505	1,0	0,4	2,15	54,64	8,0

Анализы выполнены в ТОО «АГЛ-Актобе»

Приложение 2

**Описание образцов**

	Участок	№ пробы	Интервал		Название пород	Примечание
			от	до		
1	Сборный	1-1/1	0,2	0,4	известняк	Актюбинская геологическая лаборатория
2		2-2/2	0,2	0,4	мергель	
3		3-3/1	0,2	0,4	мергель	
4		3-3/2	0,2	0,4	мергель	
5		5-5/1	0,2	0,4	мергель	
6		6-6/1	0,05	0,30	мергель	
7	Чалкар	1-3/1	0,1	0,4	песок гл.	Kazakhmys Barlay
8		1-4/1	0,2	0,4	песок гл.	
9		1-5/1	0,1	0,4	глина	
10		4-3/1	0,0	0,4	песок гл.	
11	Пра-Илек Аккум	1/1	с поверхности		песок	
12		Сорколь	2/1	то же		глина(грязь)
13		Сорколь	3/1	-«-		глина(грязь)



## Туристік - өлкетану бағытындағы «Руханият» үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы



**ЕСҚАЛИЕВА**  
Гүлмира Тәлішқызы  
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,  
педагогика ғылымдарының магистрі,  
Орал қ., БҚО

(Жалғасы. Басы өткен санда)

### Тақырыптық оқу жоспары Екінші оқу жылы

№	Бөлімдер және тақырыптар мазмұны	Барлық сағат саны	Сағат саны		
			Теория	Практика	Семинар
1	2	3	4	5	6
<b>I – бөлім. «Өз өлкеңді танып, біл!»</b>					
1.1	Кіріспе. Үйірмені жинақтау. Тарихи өлкетану туралы ұғым	3	3	-	-
1.2	Өлкетануды зерттеу нысандары	3	3	-	-
1.3	Табиғат аясындағы қауіпсіздік негіздері	3	-	3	-
1.4	Сен өз қалаңды білесің бе? Серуенге шығу	6	-	6	-
	Барлығы:	15	6	9	-
<b>II – бөлім. «Менің Кіші - Отаным»</b>					
2.1	«Менің ауылымның келбеті»	3	3	-	-
2.2	Менің мектебім. Менің сыныбым	3	3	-	-
2.3	«Менің қалам – менің мақтанышым»	3	-	3	-
2.4	Жеті атасын білу тектіліктің белгісі?	3	3	-	-
2.5	«Менің отбасым-менің тірегім». Өңгіме	3	-	-	3
2.6	«Қазақ есімдерінің тарихы»	3	-	-	3
2.7	«Достық заңы»	3	3	-	-
2.8	Менің құқығым – Менің міндетім	3	-	-	3
	Барлығы:	24	12	3	9

<b>III. Салт-дәстүрді білеміз бе?</b>					
3.1	«Салт-дәстүр, қазақы құндылық»	3	3	-	-
3.2	Тұрмыстық салт-дәстүрлер. «Дәстүр ордасы – киіз үй»	3	3	-	-
3.3	Қазақ халқының түрлі тыйым сөздері.	3	3	-	-
3.4	Ұлттық колөнер, ою-өрнектер. Практикалық сабақ.	3	-	3	-
3.5	«Ақылдың көзі – аталы сөз» Өз білімді тексер.	6	6	-	-
	Барлығы:	18	15	3	-
<b>IV. Туризм әліппесі</b>					
4.1	Туризмнің қалыптасуы, даму тарихы	3	3	-	-
4.2	Туристік жорықтар, олардың түрлері	3	3	-	-
4.3	Туристік жорықтардағы алғашқы дәрігерлік көмек	3	-	3	-
4.4	Жорықты өткізу тәртібі. Жорықтағы міндеттерді бөлу. Туристік жеке және топтық жабдықтар.	6	3	3	-
4.5	Жаяу және шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу.	6	-	-	6
4.6	Туристік топ серуенде	8	-	8	-
	Барлығы:	29	9	14	6
<b>V. Экология және бағдар</b>					
5.1	«Адам – есімің, табиғат - бесігің» туризм және табиғатты қорғау	3	3	-	-
5.2	Топографиялық шартты белгілер	6	-	-	6
5.3	«Экология және біз» табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру	6	6	-	-
5.4	Өлке табиғатын үйрену, ежелгі жер-су аттарын іздестіру, фотоға, картаға түсіру	3	3	-	-
5.5	Топографиялық карта жергілікті жерді бағдарлау	3	3	-	-
5.6	Экологиялық десант	8	-	8	-
	Барлығы:	29	15	8	6
<b>VI. Ақжайықтану</b>					
6.1	Біздің өлке ерте дәуірде	3	3	-	-
6.2	Біздің өлке орта дәуірде	3	3	-	-
6.3	Біздің өлке жаңа кезеңде	3	3	-	-
6.4	«Тағдыр мүсін шертеді тарих сырын» ескерткіштер сыры	3	3	-	-
6.5	«Жайық қалашығына» жорық-экскурсия	8	-	8	-
	Барлығы:	20	12	8	-
<b>VII. «Тарихыңды таны – тұлғаңды құрметте»</b>					
7.1	«Сен құрметте оны» ҰОС жылдарындағы жерлестердің ерлік даңқы. Іздестіру-зерттеу ісі	6	3	-	3

7.2	«Ардагерге құрмет-ұрпаққа міндет». Еңбек және тыл ардагерлері. Кездесу кеші	6	3	3	-
7.3	«Ерлік кездейсоқ болмайды» Чернобыль зардабы және «Ауған асуында от кешкендер!» ауған соғысының батырлары	6	3	3	-
7.4	Танымал ғылым - мәдениет қайраткерлері	6	6	-	-
7.5	Танымал ақын-жазушылар	6	-	-	6
	Барлығы:	30	15	6	9
<b>VIII. Ғылыми орталық және ізденуші</b>					
8.1	«Биік баспалдақ» Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, музей, мұрағаттармен жұмыстану	6	-	6	-
8.2	«Жас зерттеушілер». Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу	6	-	-	6
8.3	«Сен білесің бе?» ойыны	4	4	-	-
	Барлығы:	18	4	6	6
<b>IX. Қорытынды</b>					
8.1	«Ғасыр жасаған – туған қалам» экскурсиялар ұйымдастыру	6	-	6	-
8.2	«Бағынды сына, жас ғалым!» туристік-өлкетанулық байқау	3	3	-	-
8.3	«Ақжайықтану» тобы жорықта	18	-	18	-
8.4	Қорытынды	6	6	-	-
	Барлығы:	33	9	24	-
	Барлық сағат саны:	216	97	81	36

**I. «Өз өлкенді танып, біл!»  
(15 сағат)**

Кіріспе. Үйірмені жинақтау, оқушылармен әңгімелесу. Туристік-өлкетану бағдарламасының мақсаты мен міндеттерімен танысу. Іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тарихи өлкетану туралы ұғымы, өлкетанудың зерттеу нысандары: Өлкетану-мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ, бір тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін (жол ашатын) бірнеше ғылыми пәндер кешені. Өлкетану – белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. Өлкетану география, тарих, экология, топонимика, этнография, өнертану туралы білімдері арқылы алған

мәліметтерді ұғындыра отырып, өз өлкесі жайлы деректерді іздестіру - зерттеу қызметіне бағыттау. Өлкені зерттеудің көздері: өлкенің топонимикасы (географиялық атауларды зерттеуге арналған ғылым, өлкенің картасы), мұрағат құжаттары, баспа шығармалары, өнімдер, заттар, жергілікті өсімдіктердің үлгілері (флора), жануардың түрлері (фауна), статистикалық деректер, өлкетану библиографиясы, тарихи және мәдени ескерткіштері, табиғат процестері мен объектілерін бақылау, пайдалы қазбалар, мектеп өлкетану музейлері туралы баяндау.

Табиғат аясындағы қауіпсіздік негіздері мен туристер тәртібінің ережесі: жас өлкетанушылардың экскурсия мен туристік серуендердегі тәртіп ережесі. Қоғамға пайдалы істерді баяндайтын бейне фильмдерден үзінді

көру: табиғатты қорғау, қарияларға, құстарға, жануарларға және т.б. көмектесу. Қозғалыс кестесін дұрыс жасау, уақытты тиімді пайдалану, әр түрлі мекендердегі сан салалы жолдарды кедергісіз жүріп өтуге дағдылану. Қоршаған ортадағы (жасыл аймақ) мектептің айналасын, үйдің және көшенің, ықшам ауданның (елді-мекен) табиғатын сақтау, білу және жақсартуға арналған іс-шараларға атсалысу. Жас өлкетанушылар өздеріне жүктелген тапсырмаларды ұқыпты, дер уақытында, толыққанды жақсы орындауға тырысады.

Тәжірибелік сабақ. Сен өз қалаңды білесің бе? Серуенге шығу. Орал қаласының тарихына шолу жасап, туған әсем қаланың көріністерін тамашалап саяхаттар жасау. Үйірменің әр мүшесі экскурсия мен туристік серуендер кезіндегі тапсырмаларды орындауда дайындау жұмыстарына, ұйымдастыруға, атқаруға қатысады. Жорықтар мен экскурсиялар аяқталғаннан соң алған әсерлерін педагогтің жетекшілігімен (ата-ана) суретпен және басқа да қолдарымен жасалған заттарымен немесе басқаша түрде бейнелеулеріне, безендірулеріне әбден болады.

## II. «Менің кіші - Отаным» ( 24 сағат)

«Менің ауылымның келбеті»: оқушылар туып-өскен ауылдары туралы не білетіндері жайлы ой толғау және ауылын бейнелейтін суреттер салып, жеке жұмыстар атқарады. Әр оқушы өзінің ауылының табиғаты, тарихы туралы мәліметтер жинастырады. Ондағы танымал адамдардың өмір жолдарынан үзінділер келтіреді.

Менің мектебім. Менің сыныбым: тақырыбында оқушылар мектеп тарихынан сыр шертеді. Білім ошағының ашылған күнінен бастап бүгінгі күнге дейін тыныс тіршілігінен мәлімет беру. Мұражайлардың жабдықталу барысына кеңінен тоқталып, түсінік беру. Ұлағатты ұстаздар атын дәріптеу, мектеп түлектері мақтанышымыз аясында бұрыштар шығарып мектеп жетістіктеріне қуана білу, ұстаздар мен өнегелі – үлгілі түлектерге еліктеу.

«Менің қалам – менің мақтанышым»: «Көне Орал», «Қазіргі Орал» туралы алғашқы деректер туралы мәліметтер жинақтау. Орал бекінісінің құрылысы. Қала және оның шекаралары.

Тәжірибелік жұмыс. «Көне Орал» тақыры-

бындағы суреттер мен қосымшалар.

Жеті атасын білу тектіліктің белгісі? үйірменің отбасындағы жақын туыстары (ата-тегі), отбасылық (шежірелік) дәстүрлер мен отбасылық (ата-ана) мерекелер. Қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын туыстық атаулары туралы түсінік беру. Жалпы қазақ халының жеті ата, ата-баба, ұрпақ, туыстық атау туралы түсінік беру.

«Менің отбасым-менің тірегім». Әңгіме. Өз отбасы, әулетінің тарихы туралы мәліметтер жинақтау. «Отан – отбасынан басталады» деген қағидаға сүйене отырып, отбасы тарихын жазу. Оқушыларды ата-тегін білуге баулу. Өлке шежіресінің маңызын білу.

«Қазақ есімдерінің тарихы»: қазақ есімдерінің шығуы, пайда болу тарихын, олардың мән-мағыналары мен жазылу жүйесін, жергілікті халық тіліндегі айтылу түрлерін толық сипаттап, жан-жақты баяндау.

«Достық заңы»: оқушыларға дос туралы, достық қарым-қатынас жөнінде түсінік беру. Адал дос пен амал достың айырмашылығын түсіндіру. Адалдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Досынды қиыншылықта қолдау, достың қиыншылығын бөлісу, досқа адал болу, достың амандығын біліп, хат жазу.

«Менің құқығым – менің міндетім»: оқушының құқықтары мен міндеттері, адам құқықтарын оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттері туралы түсінік беру.

«Салт-дәстүр қазақы құндылық» ұмыт қалған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар: Дала өркениеттерінің бастау көздері, әдет-ғұрыптар, шешендік өнер, мақал мәтелдер мәдениеті. Дала өркениетінің ерекшелігін ұғындыра отырып, қазақ халқының ауыздан – ауызға тарап, үлгі болған шешендік сөз өнері, мақал-мәтелдер туралы түсінік беру. Қазақ сөз өнерін, сөз саптау мен ұстану мәдениетін аса жоғары бағалауға үйрету. Жергілікті жердің салт-дәстүрі, оның маңызы. Аңыз әңгімелер, шежірелер жинақтайды. Ұлттық ойындар жайында материалдар жинақтау.

Тұрмыстық салт-дәстүрлер: салт-дәстүр ұлттың, халықтың тұрмыс – тіршілігіне байланысты дәстүрлер туралы мағлұмат беру. Салт-дәстүр сана, тағлым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық-өнеге



тәжірибе ретінде мәдениеттілікті қалыптастыру

Ұлттық қолөнер, ою-өрнектер: қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Оқушыларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

«Ақылдың көзі – аталы сөз» Өз білімінді тексер: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер. Халқымыздың тәлім – тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетіндігі, өзіндік ұлттық қасиеттерді қалыптастыру. Әдеби тілді еркін меңгеру үшін, сөз қадірін терең түсініп тілдік оралымға байланысты көркем әдеби шығармалардан адамгершілікке, имандылыққа байланысты үзінділер келтіру.

#### IV. Туризм әліппесі (29 сағат)

Туризмнің қалыптасып, даму тарихы: Отандық теңізшілері, саяхатшылар мен зерттеушілері. Туған өлкенің туристері мен саяхатшылары. Ересек оқушылардың мектебімен (қосымша білім беру мекемелерімен) және іс-әрекеттерімен (кездесу-кештер) туристермен танысу. Өткен жылғы туристік топтардың атқарған пайдалы істерін қорытындылау. Тәрбиеленушілердің жазғы сауықтыру туристік серуендер, экскурсиялар, саяхаттардан алған ерекше әсерлері туралы әңгімелер. Жыл бойы алған білімдері, шеберліктері, дағдыларының негіздерін анықтап қорытындылау.

Туристік жорықтар, олардың түрлері: әр жыл мезгіліне қарай туристік (жаяу, шаңғы, су, вело т.б) жорық түрлерін таңдау. Жас ерекшелігіне, қиындық дәрежесі мен ұзақтығына қарай (демалыс күнгі жорық, көп күндік т.б) түрлерін таңдау.

Туристік жорықтардағы алғашқы дәрігерлік көмек: жаралану, кесілу, соғылу, созылу, шығып кету жағдайларында. Жарақаттың сипаты. Қажетті көмек. Өңдеу түрлері. Алдын-алу шаралары. Дене мүшесінің сынуы. Жарақаттың сипаты. Сыну түрлері. Қажетті көмек. Өңдеу түрлері. Алдын-алу шаралары. Жарақаттанушыны тасымалдау. Жылан, жәндіктер шаққан уақытта жараны өңдеу және тану ережесі мен көмек көрсету әрекеті.

Жорықты өткізу тәртібі: жас өлкетанушы-

лардың саябақта, ормандағы, өзен жағалауындағы тәртібі. Туристік топтардағы өзара көмек, ізеттілік - қауіпсіздік негізгі сулы аймақтағы және шомылуды ұйымдастырудағы тәртіп ережесі. Түрлі табиғат жағдайларындағы жас туристердің тәртібі. Табиғат аясында отпен (алау) қарым-қатынас негізінде өзіндік қауіпсіздік ережесі.

Туристік жеке және топтық жабдықтар: жас өлкетанушылардың бір күндік серуен, экскурсия, жарыстарға қатысатын жеке жабдықтары. Жыл мезгілі мен ауа –райы жағдайларына сай жеке жабдықтарын таңдай білу. Жаздың, қыстық, маусым аралық серуен, жорықтардағы жеке жабдықтардың ерекшеліктері мен талаптары: қолайлылығы мен жарамдылығы. Жеке медициналық жиынтық, дәрігерлік қобдиша, жөндеу құралдары жиынтығы. Тамақтанатын азық-түліктердің құрамы, сапасы, бір күндік жорыққа жол дорбаға жабдықтарды орналастыру. Жеке жабдықтар.

Жаяу және шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу: шаңғымен жүруді меңгеру. Жабдықтардың күтімі (шаңғы, шаңғы таяқтары және бәтеңкелері). Шаңғышының тұрысы «Сырғанау» адымымен қозғалу, бір орында және қозғалыс кезінде бұрылу, түсу мен көтерілу. Шаңғымен сырғанаудың қауіпсіздік техникасы. Желден қорғану. Шаңғымен жабдықтарды дұрыс қолдану және жаттығуларға дұрыс киіну дағдысы. Бір орында шаңғыны басқара білу. Шаңғыны сақтау және олардың күтімі.

Туристік топ серуенде: 5-6 шақырым бағытындағы топтың қозғалысы. Аңыз желісімен жердің картасы мен спорткартасын қолдану. Туристік топпен лагерь, жоғарғы сынып оқушыларымен және ата-аналарымен демалыс (бивуак) ұйымдастыру. Алауға керек-жарак пен отын әзірлеу. Педагог және ересек оқушылардың (ата-аналарымен) жетекшілігімен алауда тамақ дайындау. Туристік және басқа ойындар мен сайыстар («Ең үздік команда» және т.б.) көк шалғында «Өсімдік білгірі» конкурсын өткізу. Табиғатта қызықты бағыттың және лагерь маңының тарихтарын іздеу және анықтау. «Кішкентай бауырластарымызға көмек», «Табиғатқа көмек» операциялары (жақын маңдағы қоқыстардан тазалау). Ескерткіштерді сақтауға арналған қоғамға пайдалы жұмыстар.

## V. Экология және бағдар (29 сағат)

«Адам – есімін, табиғат - бесігің» туризм және табиғатты қорғау: Естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жамандықтан бойды аулақ ұстау, ұстамды болу сияқты қасиеттерін қалыптастыру.

Автор Абай Құнанбаевтың қызықты, мазмұнды, балалардың ой-санасына, түсінігіне жеңіл етіп жазылған шығармалардан үзінді келтіру. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер арқылы тәрбиелеу.

Топографиялық шартты белгілер: нысандарының, өсімдіктердің және тарихи - мәдени нысандардың жоспарларын бейнелеу түрлері. Қарапайым шартты белгілер. Тұрғылықты жердегі мектеп ауласының (саябақ, орман) спорттық картадағы бейнелеумен танысу. Туристік топтағы топографтың міндеттері. Тәжірибелік сабақ. Тұрғылықты жердің шартты белгілердің жоспарын салу мен спорттық карта. Топографиялық диктант, сөзжұмбақ. Жергілікті жердің қарапайым жоспарын түсіру. Жергілікті жердің бейнесі, шартты белгілер. Абсолют және салыстырма биіктіктер. Жергілікті жерде топографиялық картаны құру.

«Экология және біз» табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру: қоршаған ортаның сапасы және ластануы туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білуге үйрету, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру, өз бетімен жұмысқа дағдылануға өзін-өзі тануға, тіл мәнерін, ой-өрісін дамытуға бейімдеу, табиғатты қорғай алатын адамгершілігі мол, ізгілікті, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу.

Өлке табиғатын үйрену, ежелгі жер-су аттарын іздестіру, фотоға, картаға түсіру: күн радиациясы, температуралық режим, ылғалдылық, жауын-шашын, жел (желдің бағыты мен күшін өлшеу, атмосфералық қысым, ауа температурасы). Ауа райын микроклиматтық және қарапайым түрде бақылау. Климаттың аймақ шаруашылығына тигізетін әсері. Мұндағы мақсат өлкенің географиясы, геологиялық картасы, пайдалы қазбалар, климаты, сызбалар, альбомдар жинақтау, өсімдіктер, жануарлар дүниесі

туралы зерттеулер жүргізу. Өлкеміздегі жер-су атауларын анықтап, сұрастыру. Жергілікті ауыл тұрғындарымен кездесу. Ауылдың картасын құрастырып, жер-су аттарын анықтап, картаға түсіру. Саяхаттау бағдарын құрастыру

Топографиялық карта жергілікті жерді бағалау, жергілікті жердің жоспары мен сызбасы: топографиялық картада жер бетінің бедерін белгілеу түрлерінің даму тарихы. Жердің жоспарының масштабы мен картасы. Сызба мен жоспарда бедерлерді белгілеу. Көлденеңдік. Бедер мен картада белгіленуі. Жергілікті жерде, саябақта, орман алаңында, өзен жағалауында арақашықты өлшеу. Жергілікті жердің бедерінің белгіленуі мен картадағы сызбасымен танысу.

Экологиялық десант: оқу экологиялық соқпақтың негізгі мақсаты – экологиялық білім мен тәрбие беруге бағытталған. Оқушыларды табиғатты қорғауға, қастерлеуге тәрбиелеу. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

Тәжірибелік сабақ: топтық ойындар ойнату. Экологиялық карта бойынша әр топ әр түрлі аялдамада болады. 1. «Қауіпті із» - аялдмасы табиғатта өзімізді қалай ұстауымызды үйретеді. 2. «Жасыл желек – достарымыз!» аялдамасы

## VI. Ақжайықтану (20 сағат)

«Біздің өлке ерте дәуірде»: Оқушыларға туған өлкенің ерте дәуірдегі тарихы туралы жалпы мағлұмат беру. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы тас, қола, ерте темір дәуірдегі тарихи оқиғалармен таныстыру. Еділ – Жайық өңіріндегі тас, қола, ерте темір дәуірі кезіндегі саяси тарихына, табиғи – климаттық жағдайдың өзгеруі, кешенді мал, егін шаруашылығы, мәдени мұраларына б.з.б II - ғасырда өмір сүрген сармат тайпаларының тарихына тоқталып, тәрбиелік мәнін ашу.

«Біздің өлке орта дәуірде»: оқушыларға туған өлкенің орта ғасырдағы тарихы туралы жалпы мағлұмат беру. Б.з.б соңы мен орта ғасырлар мен жаңа заманның бастау кезеңдерінде Батыс аумағындағы ғұн оғыз, қимақ, қыпшақ тайпалары, Монғол шапқыншылығы тұсындағы Жошы ұлысы, Алтын орда тұсындағы көшпелі мемлекеттер Ноғай ордасы т.б. тарихи деректер, шаруашылығы, қолөнері, сауда – саттық, ел басы, қорымдары, археологиялық ескерткіштері

т.б туралы түсінік беріп, саяси астарын ашу. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы орта ғасырдағы оғыз, қимақ, қыпшақтар т.б. тайпалар туралы тарихи деректер туралы түсінік беру.

«Біздің өлке жаңа кезеңде»: оқушыларға туған өлкенің жаңа кезеңдегі тарихи оқиғалары туралы жалпы мағлұмат беру. Батыс Қазақстан облысының жаңа кезеңдегі тарихи оқиғалары, қазақ хандығы, халық батырлары, жоңғар шапқыншылығы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, реформалар, әскери бекіністер, Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі, Сырым Датұлы бастаған кіші жүздегі көтеріліс, Бөкей хандығы, Исатай мен Махамбет көтерілісі, Алаш орда үкіметі, Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдары т.б. туралы түсінік беру.

«Тағдыр мүсін шертеді тарих сырын шертеді»: оқушыларға Батыс Қазақстан облысынан табылған археологиялық ескерткіштер туралы түсінік беру. Еділ-Жайық өзендері, Қараөзен, Сары өзен маңынан табылған археологиялық ескерткіштер туралы түсінік беру.

«Жайық қалашығына» жорық-экскурсия: ХІҮ ғ.ғ. сәулет өнерінің тамаша үлгілері, ескерткіштер, қолданбалы өнер туындыларын, кесенелерді, құрылыс материалдардың жоғарғы сапалы болғаны жөнінде түсінік қалыптастыру. Кесенелердің, ғимараттардың ою - өрнектерінің безендірілу ерекшеліктерін салыстыра отырып, оқушыларды өз халқының бай мәдениетімен таныстыру. Өз елінің, жерінің басқа ұлттың тарихи ескерткіштерін қорғауға, өнер ескерткіштерін түсіндіріп бағалай білуге, өз ұлтының тұрақты мәдениетіне қызығушылықтарын арттыру.

### **VII. «Тарихыңды таны – тұлғанды құрметте» (28 сағат)**

«Сен құрметте оны» ҰОС жылдарындағы жерлестердің ерлік даңқы. Іздестіру-зерттеу ісі: соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, аты аңызға айналған батырлардың ерлігіне тоқталу, баяндау.

«Ардагерге құрмет-ұрпаққа міндет». Еңбек және тыл ардагерлері: сұрапыл отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істерін кейінгі буынға жеткізе білу. Ұлы Отан соғысы кезінде ардагерлердің Жеңіске

қосқан үлестері туралы баяндау.

«Ерлік кездейсоқ болмайды», Чернобыль апатының зардабы және «Ауған асуында от кешкендер!»: интернационалист жауынгер ағаларымыздың құрметіне арналған батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз туралы баяндау, кездесу кешін өткізу.

Танымал ғылыми - мәдени қайраткерлер: халқымыздың біртуар ұл – қыздарының атын өшірмеу, іздерін жоғалтпау, еңбектерін еш етпеу. Ұлыларымызды ұлықтау, ардақтау, халқы үшін еткен еңбектерін дәріптеу арқылы бүгінгі ұрпақты ұлтжандылыққа, елдік пен ерлікке, отаншылдыққа тәрбиелеу

Танымал ақын-жазушылар: Ақжайықтың танымал ақын-жазушылары туралы түсінік қалыптастыра отырып, Ұлы даланың кез-келген сөз өнеріне сүбелі үлес қосқан жыраулар мен әдебиет - өнер қайраткерлерімен қатар аймақ қаламгерлері туралы түсінік беру. Ақын-жазушылар шығармаларын насихаттау, таныстыру.

### **VIII. Ғылыми орталық және ізденуші (18 сағат)**

«Биік баспалдақ» Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, музей, мұрағаттармен жұмыстану: қажетті деректерді оқып таныстыру. Сол деректерді табу үшін әртүрлі кітаптар, газет – журналдармен жұмыс жасауға бағыттау.

«Жас зерттеушілер». Ғылыми орталық және ізденуші. Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу: ғылым жолы туралы түсінік беру, ғылыми ойлау кезеңдерімен таныстыру. Жоспар, тезис құру жолдарын үйрету. Білімдерін толықтыратын материалдар жинақтау.

«Бағыңды сына, жас ғалым!» туристік-өлкетанулық байқау .

### **IX. Қорытынды (37 сағат)**

Жыл бойы өткенді саралау. Әдеби-тарихи, геологиялық-географиялық, археологиялық т.б. тапсырмаларды орындау арқылы белсенді саяхат ұйымдастыру, өскелең ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, рухани - мәдени мұраларды сақтау, өлкедегі танымал тұлғалардың шығармашылығымен танысу. оқушылардың танымдылық қабілеттерін дамыта отырып, өмірге деген қызығушылықтарын арттыру.



**ЛОГАШКИНА**  
Наталья Федоровна  
Заведующая культурно-массовым отделом  
ГККП «Центр внешкольной работы»  
г.Уральск, ЗКО

## ТИМБИЛДИНГ

### «ВМЕСТЕ МЫ СИЛА!»

(для родителей детей с особыми образовательными потребностями)



**Цель тимбилдинга:** Снятие эмоционального напряжения.

- Здравствуйте, уважаемые родители! Сейчас вы увидите, как тимбилдинг поможет сплотить коллектив и установить коммуникацию. Главное – это командная работа. Но сначала всем необходимо познакомиться!

#### **Первое упражнение «Вот мы какие!»**

Все встают в круг. Каждому участнику поочередно нужно громко назвать свое имя и одно из качеств человека, присущее ему, которое начинается на ту же букву, что и имя. Например: «Асель

– активная» и так далее, пока все участники не назовут свои имена и качества.

#### **Второе упражнение «Ранжирование».**

-Постройтесь по алфавиту ваших имен - от А до Я.

-Постройтесь по дням рождения - от 1 до 31 числа.

-Постройтесь по месяцам рождения – от января до декабря.

Обсуждение:

-Понравилось ли вам это упражнение? Почему?

-С какими трудностями вы столкнулись?



-Как вы думаете, почему вы успешно выполнили это упражнение?

**Третье упражнение «Осьминожки».** Все участники стоят в кругу. Группе дается круг с привязанными ленточками. Ленточку можно брать двумя руками. На середину круга ставится пластмассовый стакан с водой. Группе необходимо пронести круг с ленточками «осьминожку» пять шагов.

Обсуждение:

– Что помогло вам успешно справиться с заданием?

– Что помешало вам справиться с заданием? Почему?

– Какие впечатления у вас остались после выполнение этого упражнения?

**Четвертое упражнение «Я тебе рад!»**

Завяжите шарфиками глаза, вытяните руки ладонями вперед. Начинайте движение по залу. Нужно показать человеку, с которым столкнешься, что ты ему рад, с помощью объятий, похлопываний по плечу или рукопожатия.

Обсуждение:

– Что помогло вам успешно справиться с заданием?

– Что помешало вам справиться с заданием?

Почему?

-Какие впечатления у вас остались после выполнение этого упражнения?

**Пятое упражнение «Скованные одной цепью».** Все выстраиваются в шеренгу нога к ноге. Ноги рядом стоящих родителей связываются цветными ленточками. Всем нужно пройти из пункта А в пункт Б любым способом, не разъединяя и не развязывая ноги. Как только кто-нибудь разъединит или развяжет ноги, вся шеренга начинает движение сначала.

– Понравился ли вам тимбилдинг? Почему?

– С какими трудностями вы столкнулись?

– Что у вас получилось, а что – нет?

**Используемая литература:**

1. Грецов А.Г. Лучшие упражнения для сплочения команды. Учебно –методическое пособие. Спб.: Москва, Речь, 2006

2. Жуков Ю.М., Журавлев А.В., Павлова Е.Н. Технология командообразования. Москва, Аспект–Пресс, 2008

3. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Фролов Д., Грабенко Т. Теория и практика командообразования. Современная технология создания команды. Спб.: Москва, Речь, 2004





**ЖАЙМАНОВА**  
Гүлбарам Бектұрғанқызы  
БҚО Сырым аудандық  
«Жас туристер станциясы»  
КММ-нің ҚББП-і

## Шаңғы туризмінде жарақат алушыны құтқару



### Сабақ мақсаттары:

**Білімділік:** Теориялық алған білімдерін практикалық түрде орындап үйрету, туристік қызметтің белсенділігін арттыру. Шаңғы туризмінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Жоғалған жарақаттанушыны іздеу және тасымалдау

**Дамытушылық:** Туристік дағдыларын қалыптастыру, туристік-спорттық дайындықтарын, икемділіктерін дамыту

**Тәрбиелік:** Салауатты өмір салтына, қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** Аралас сабақ

**Пәнаралық байланыс:** - Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы;

- Туристік-спорттық дайындық;
- Дене тәрбиесі.

**Оқыту әдісі:** Шаңғы туризмінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмекті, жоғалған жарақаттанушыны іздеу және тасымалдау, әдіс – тәсілдерін меңгерту.

**Сабақтың техникалық және материалдық жабдықталуы:**

- Сұрақ-жауап;
- Топшамалар;
- Туристік сақтандыру системасы;
- Карабин, дюльфер, пруссик;
- Шаңғы;
- Негізгі және көмекші арқандар.

### I. Ұйымдастыру бөлімі:

1. Оқушылармен амандасу;
2. Жоқ оқушыларды белгілеу;
3. Жұмыс орындарының сабаққа дайындығын тексеру;

### II. Кіріспе нұсқау

Оқушылардың зейінін жаңа сабаққа бейімдеу (өткен сабақты қайталау, слайд)

1. Терең сайлардан өту кезінде қандай әдістерді пайдаланған жөн?

2. Шаңғы таяғы арқылы тежеуді қалай ұйымдастырады?

3. Бөренеден өту кезінде қандай жағдайларды ескеру қажет?

4. Тежеудің қанша әдісі бар?

5. Шаңғы жорығында кездесетін кедергілердің бірі аласа қоршаулардан қалай өтеді?

6. «Плуг» әдісімен тежеу қалай орындалады?

7. Тежеу дегеніміз не?

8. Шаңғы жорығында кездесетін кедергілерден өтудің әдіс - тәсілдерін ата?

9. Бұрылуды ұйымдастыру үшін ең алдымен тежеудің қандай әдістерін еркін меңгеру қажет?

**Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау:**

### I дәрежедегі үсік кезінде

- Үсік шалған жерлерді қолмен, жеңіл ысқылау арқылы, жұқа матамен, немесе үрлеп терісі қызарғанша жүргізу керек.
- Мақталы-дәке таңғышын салу.



Шаңғы туризмінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Жоғалған жарақаттанушыны іздеу және тасымалдау.

Шаңғы туризмінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек, жоғалған жарақаттанушыны іздеу және тасымалдау әдіс - тәсілдері туралы айту, және тәжірибелік түрде көрсету.

**Жаңа тақырыпты баяндау (лекция)**

Шаңғы туризмінде кездесетін үлкен қатер – аяқ - қолдың үсік шалуы. Үсік туристің жорыққа дұрыс дайындалмауына байланысты кездеседі. Бұл денені суық пен ылғалдан қорғауды дұрыс есептемеуден, киімнің бүлінуі, ағзаның суыққа қарсы тұру қабілетінің төмендігінен болады. Қысқы жорықта ең көп кездесетін қауіп: қол мен аяқтың үсік шалуы. Бұл аяқ киім мен қолғаптың су болуы, сол сияқты аяқ киімнің тарлығы (қан айналымы нашарлап, аяқ ұйып қалады), т.б. Бұл жағдайды болдырмаудың жолы бар. Ол үшін турист киетін киімін құрғатып, бүлінген, жыртылған жерлерін бүтіндеп, мұқият күту керек. Су болған киімді ауыстыратын құрғақ киімдер болу керек. Ал су болған шұлықты дене қызуымен түнде құрғатып алу керек. Қолдың үсуі боранда қолғапты жоғалтып алудан болады. Жылы қолға қонған қар тез еріп, қол санаулы секундтарда - ақ үсуі мүмкін. Бұл үшін қауіпсіздік ережесінде көрсетілгендей ауыстырып киетін киім болуы керек. Қол терлеп кеткен жағдайда құрғақ қолғапқа ауыстыру керек. Егер қол қатты тоңса құрғақ қолғап киіп, төмен еңкейіп, қолды сермеу керек. Егер қолғап болмаса, тоңған қолдарды ышқырға

салып, дененің қызуына басу керек, қолғап болмаса құрғақ шұлықты киіп алуға болады. Аяқ тоңса дамылсыз қозғап, табан мен бармақтарын қозғап, айналдыру керек, тоңған аяқты жылытамын деп, аяқ киімді шешіп тастауға болмайды. Немесе аяқ-киімді бауынан босатып, сыртынан құрғақ затпен орап, қозғай беру керек.

**Салқын тию кезіндегі алғашқы медициналық көмек.**

**Белгілері:** Қозғалыс ырғағының бұзылуы, селкостық, әлсіреу, ұйқы басу, тыныс алу мен жүрек қысымы жиілігінің бәсеңдеуі, естен айырылу.

**Іс-әрекетің:** Тыныс алуы мен жүрек уақытша тоқтауы кезінде «Жүрек қызметінің тоқтауы» (жүрек-өкпе реанимациясы) бөлімін қараңыз.

Негізгі тіршілік қызметін қалпына келтіргеннен кейін кешіктірмей:

- Зардап шегушіні, белгілі бір өте жылы емес жерге орналастыр;
- Ылғал киімін құрғақ киімге ауыстырып, жылы ұйқы қапқа ора;
- Жылы тәтті шәй бер, бірақ қандай жағдайда болмасын алкоголь беруге болмайды.

**Есінде болсын! Зардап шегушіге ыстық су мен жылытқыш қоюға немесе электр жылытқышы бар көрпеге орауға болмайды, өйткені денені жылдам жылыту кезінде жүрек тоқтап қалуы мүмкін!**

Үсік шалу кезіндегі алғашқы медициналық көмек.

**Белгілері:** зардап шегушінің үсік шалған



терісінің бөлігін сипағанда қатайғаны сезіледі. Ауыр жағдайда бозамық сары-қан тәріздес сұйық толған күлдіреуіктер жабады, тері сезгіштігін жоғалтады.

#### **Сіздің әрекетіңіз:**

- Зардап шегушіні құрғақ жылы ұйқықапқа орналастыр;

- Суық, ылғал, тар киім мен аяқ-киімдерін шешіңіз, құрғақ ұйқы қаппен ора, болмаса өзіңнің денеңмен жылыт; егер зардап шегуші есінде болса, ыстық сусын бер. Денелерінің белгілі бір мүшелерін үсік шалған кезде (мұрын, құлақ немесе бет) зардап шегуші өз қолымен жылына алады, қолдың саусақтарын қолтықтың астымен жылыта алады.

- Қатты үсік шалған кезде үсінген жерге құрғақ тазартылған таңғыш қой, қажетті жағдайда иммобилизация жүргіз.

**Есінде болсын! Жылыту үшін ашық отты пайдалануға және дененің зақымдалған жерін ысқылауға болмайды!**

Алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде мамандардың кеңестерін естен шығармаған жөн. Олар:

#### **Дәрігерлер**

1. «Жедел көмекші» жылдам шақыр.
2. Көмектен бас тартқан адамды жайына қалдыр.
3. Зардап шегушіні өміріне нақты қауіп төнген кезде ғана орнынан қозға.
4. Тыныс алу жолдарының ашық болуын және тамыр соғысының бар-жоғын анықта және қамтамасыз ет.
5. Егер адамның халі мүшкіл болса, мамандар келгенше тоқтатпа.
6. Басқаны құтқара отырып, өмірінді қатерге ұшыратпа.

#### **Психологтар**

1. Үрейленбе
2. Қасындағыларды тыныштандыруға тырыс.
3. Біз құтқаруға тырысатын адамның кез-келгенінің тірі қалуының екіталай екендігіне, құрбандықтар болатындығына дайын бол.
4. Өзіңдегі ашу, қорқыныш, кінәлілік, және шарасыздық сенімдерін сейілтуге тырыс.
5. Ешкімді алалама – тірі қалуың мен айнала-дағыларды құтқарудың басты кепілі осы.


#### **Құтқарушылар**

Өзіңмен бірге (үстіңгі киімнің қалтасында), автомобиль мен үйде көрнекі жерде өзің және отбасы мүшелері туралы мәліметтер болсын. Мына мәліметтерді жазуға болады: аты-жөні, туған күні, мекен-жай, ескі сырқат пен ықтимал аллергиялық

әсерлер, қан тобы, резус-фактор туралы ақпарат, жақын туыстардың телефоны.

**Шаңғы туризміндегі қар астында қалған адамды іздеу.**

Қандай да болмасын жорық кезінде ең бірінші сақтық ережелерін орындау керек. Әсіресе тау беткейлері немесе жоталардың арасымен өтер кезде айқалап өлең айтуға немесе музыка тындауға болмайды. Егер де қар көшкіні бола қалған жағдайда, қар көшкіні болған жаққа артымызды беріп, салқынқандылықты сақтап, әлсіз мінездікті танытпай, аяқ – қолымызды бауырымызға жинап, басымызды төмен иіп, отыруымыз қажет. Мұндай қауіпті аймақта, шаңғы таяғын ілмешегінен алып, шаңғыны аяғыңызға бос тағып, жүруіңіз қажет. Қар көшкінінің астында қалған адамды іздеу кезінде бір қатарға тұрып, арнайы іздеу құралдарымен іздейміз. Ондай құралдар болмаған жағдайда, шаңғы таяғымен, ұстайтын басын қарға





сүнгіту арқылы іздейміз. Іздеу кезінде зардап шегушіге зақым келтіріп алмай мұқият әрі тез іздеуіміз қажет. Қар астында қалған адам, барлық күшімен аяғымен, қолымен қарды итеріп, тыныс алардай ашық жер жасау керек. Зардап шегушіні қар астынан шығарып алғаннан соң, оған жылы киімдер жауып, басын көтеріңкіреп жатқызуымыз қажет.

Шаңғы туризміндегі сырқатты тасымалдау. Шаңғы туризмінде жарақат алған қатысушы өз еркімен жүріп қозғалу еркінен айрылған соң топтағы серіктері оны қауіпсіз тасымалдау қажет. Сырқатты тасымалдау үшін шаңғышылар өздерінің шаңғыларын оңтайлы пайдалана алады. Яғни шаңғының үстіне оған перпендикуляр бағытта шаңғы таяқтарын орналастырып оны туристік арқандармен бақылау байлауы арқылы сенімді бекітеді. Дайын тасымалдама шанаға туристік кілемше төселіп оған зардап шегушіні жарақатына байланысты туристік ұйқы қаптың ішіне ыңғайлы орналастыра отырып жатқызу қажет.

#### **Жаңа сабақтың кіріспе нұсқауы бойынша білімдерін бекіту**

1. Шаңғы жорығы кезіндегі көбіне кездесетін қауіп-қатер?
2. Салқын тию кезіндегі алғашқы медициналық көмек?
3. Үсік шалған кездегі алғашқы медициналық көмек?



4. Алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде дәрігерлер қандай кеңес береді?

5. Алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде психологтар қандай кеңес береді?

6. Шаңғы туризмінде сырқатты қалай тасымалдайды?

7. Шаңғы туризмінде тасымалдама шананы қалай дайындайды?

8. Үсік шалу кезінде ашық отты неге пайдалануға болмайды?

#### **Қауіпсіздік ережелері**

#### **Шаңғы жорығына қатысушылар білуге тиіс:**

- Алғашқы медициналық көмек көрсету
  - Жедел шешім қабылдау
  - Кез-келген уақытта серігіне көмекке дайын болу
  - Соңына ілескен серігіне үнемі қарап жүру
  - Жетекшінің нұсқауы бойынша әрекет ету
  - Қалың қармен бір ізбен жүру
  - Үсіктен сақтану жолдарын
  - Ара-қашықтықты сақтай білу керек
- Оқушылар бүгінгі жаңа сабағымыз бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

Егер сұрақтарыңызға толық жауап алған болсаңыздар сабағымыздың келесі бөлімі тәжірибелік бөлімді бастайық!

#### **III. Ағымдағы нұсқау.** Оқушылар шебердің практикалық көрсеткендерін қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып орындайды.

- Оқушыларды топтарға бөлу
- Қауіпсіздік ережелеріне тоқталу
- Тапсырмалар бөлу
- Өз беттерімен жұмыстану
- Әрбір оқушыны жекелей қадағалау

#### **Жұмыс орнын қарап өткенде:**

1. Жұмыс орнының ұйымдастырылуын тексеру
2. Еңбек тәсілдері мен операциялардың дұрыс орындалуын бақылау
3. Технологиялық процестің орындалуын бақылау
4. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалау
5. Оқушылардың өзін және өзара бақылауларын қадағалау

#### **IV. Қорытынды нұсқау.**

1. Жақсы орындаған оқушылардың жұмыстарын атап өту.
2. Қателіктерді сипаттап олардың орын алу себебіне тоқталып өту.
3. Оқушылардың бағаларын хабарлау.
4. Жұмыс орнын, құрал-жабдықтарды жинастыру.



**ГАЙСИЕВА**  
Айкөркем Азаматқызы  
ҚББП-і АБЖТЖЭО-ның  
Шыңғырлау ауд., БҚО

## Экология – табиғат жүрегі



**Сабақ мақсаты:** Оқушыларды табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын қалыптастыру. Оқушы бойында экологиялық білім жүйесін қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға деген жоғары адамгершілік сезімі мен жауапкершілігіне тәрбиелеу; Экология саласындағы ғылыми жетістіктерінен хабардар болу.

**Сабақ түрі:** ашық сабақ, теориялық-практикалық.

**Әдіс-тәсіл:** түсіндіру, сәйкестендіру, сұрақ-жауап, қорытындылау.

**Көрнекілік-құралдар:** Жемістер мен көкөністердің суреттері, гүлдер, тақта, компьютер, слайд.

### **I. Ұйымдастыру бөлімі.**

1. Оқушылармен амандасу, тізім бойынша түгелдеу.

2. Шаттық шеңберіне тұру (бір-біріне тілек айту).

3. Сабаққа қажетті құрал-жабдықтарын реттеу.

### **I бөлім. Кіріспе.**

Қазіргі кезде экологиялық білім мен тәрбие беру ең негізгі мақсаттардың бірі. Біз балаларға экологиялық білім бере отырып экологиялық сананы, тәрбиені қалыптастыруымыз керек. Жалпы айтқанда экологиялық мәдениетті жасаймыз. Экологиялық мәдениет – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен экологиялық білімнің қалыптасуына, дамуына, үздіксіз жетіле беруіне ықпал ететін, сана мен тәрбиенің рухани құндылық жиынтығы. Экологиялық білімі мен тәрбиесі аз адамда экологиялық сана болмайды, экологиялық сана төмен адамда қоршаған ортаға деген жанашырлық болмайды. Сондықтан экологиялық тәрбиені бесіктен белі шыққаннан бастап, есі кіргенде санасына қалыптастыру, яғни төменнен жоғары қарай сатылай дамыту керек.

Экология (гр. oikos – үй, тұрақ, мекен; logos-ғылым) – тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ ағза деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, ағзалар қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Экология терминін ғылымға алғаш 1866 ж. неміс ғалымы Эрнест Геккель енгізді. Экологиялық зерттеу объектісіне биологиялық макрожүйелер және олардың кеңістіктегі динамикалық өзгерістері жатады. Қазіргі заманғы экологияның негізгі

әдістеріне: жүйелік тұрғыдан қарастыру, ортаның жағдайын бақылау, эксперимент және модельдеу жатады. Қазіргі кезде экология ғылымы көптеген басқа да ғылымдармен тығыз байланыста дамып, жаңа ғылым салалары мен бағыттары пайда болуда. Мысалы, әлеуметтік экология, өнеркәсіптік экология, геоэкология, инженерлік экология, ауыл шаруашылығы экологиясы, ғаламдық экология және т.б.

**II бөлім. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.**

**Сұрақ-жауап:**

1. Экология терминін кім енгізді? (Неміс ғалымы Эрнест Геккель)
2. Экология терминін қай жылы енгізді? (1866 ж)
3. Қазіргі заманғы экологияның негізгі әдістерін ата? (Жүйелік тұрғыдан қарастыру, ортаның жағдайын бақылау, эксперимент және модельдеу)
4. Экологтардың пайымдауынша, бұл қала еліміздегі ауа кеңістігі ең көп ластанған қала болып саналады. Ауа кеңістігінің адам ағзасына аса зиянды ауыр түсті металдармен ластануына қаладағы қорғасын - мырыш, полиметалл комбинаттары тікелей қатысты деп есептеледі. Қала орналасқан тұстағы түсті металл қорлары мен су энергиясы өнеркәсіптің бұл түрін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл қай қала? (Өскемен)
5. Өсімдіктері мен жануарлары әр алуан, арнайы қорғалатын тұтас табиғи аймақ. (Қорықтар)

6. «Хлорофилл» өсімдіктерге қалай әсер етеді? (жасыл түс береді)



7. «Адамның шығу тегі және табиғи сұрыпталу» атты еңбекті жазған ғалым? (Ч. Дарвин)

**Сәйкестендіру:**

Оқушыларға тақтаға сәйкестендіруге арналған парақшалар ілінеді. Парақшада алма, анар, құрма мен олардың дәнектері берілген. (Оқушылар жемістерді дәнектеріне байланысты сәйкестендіреді).

Сонымен қатар тақтада жеміс пен көкөністер аралас сәйкестендіру парақшалары ілінген. Бұл парақшада жемістерден: құлпынай, банан, алмұрт, анар, алма, киви, өрік берілген. Ал, көкөністерден: асқабақ, қызылша, пияз, орамжапырақ, картоп суреттері көрсетілген. (Оқушылар суреттерге қарап жемістерді бірыңғай, көкөністерді бірыңғай бөлек ажыратулары тиіс).

**Сәйкестендіру**



**IV бөлім. Қорытынды бөлім.**

Табиғаттың экологиялық жүйесінің тозығы жеткендігі бәрімізге аян. Ластайтын заттардың түрлері өте көп және мөлшері де мол. Олар табиғатқа антропогенді іс-әрекетінен пайда болған зиянды заттар. Бұлардың бәрі де әртүрлі жолдармен ауаға, жер бетіндегі және жер астындағы суларға, жауын суына тарайды, өсімдіктер мен жануарлардың бойына жиналады. Бұлардың қай – қайсысы болса да ағза үшін өте қауіпті және оның ішінде адам мен жануарларға аса зиян болып табылады.



**АТАКАНОВА**  
Зульфия Сериковна  
Руководитель школьного  
музея ОШ Махамбет  
район Байтерек, ЗКО

## Кружок краеведения в жизни детей: развитие любви к родине



**В** современном мире, где все больше и больше внимания уделяется глобализации и мировым тенденциям, важно не забывать о своем историческом и культурном наследии. Особенно важно передать это поколениям, которые будут строить будущее нашей страны. Один из способов сделать это - организация кружков краеведения для детей.

Краеведение - это наука, изучающая историю, географию, культуру и традиции определенного края или региона. Она позволяет детям погрузиться в прошлое своей родины, познакомиться с ее уникальными особенностями, узнать о великих людях, которые жили и творили на этих землях. Краеведение способствует развитию любви к родине, ува-



жению к истории и культуре своего народа.

Кружок краеведения важен не только для обучения детей новым знаниям, но и для формирования их мировоззрения, ценностей и патриотизма. Участие в таком кружке помогает детям понять свое место в мире, ценить то, что у них есть, и беречь наследие своих предков.


Программа кружка краеведения может быть очень разнообразной. В рамках занятий дети могут изучать историю своего региона, географию, народные обычаи и традиции, исследовать достопримечательности и памятники культуры. Они могут узнавать о знаменитых людях, которые родились или жили на этих землях, их вкладе в историю и культуру страны. Дети могут проводить экскурсии по местам, связанным с историей и культурой своего региона, участвовать в тематических конкурсах и играх, создавать проекты и презентации на заданные темы.

Участие в кружке краеведения не только расширяет кругозор и знания детей, но и помогает им развить различные навыки и способности. Изучение истории и культуры

своего региона способствует развитию памяти, мышления, воображения и творческих способностей детей. Оно учит детей работать в команде, исследовать и анализировать информацию, вырабатывать собственное мнение и выражать его.

Краеведение может стать не только увлекательным хобби для детей, но и помочь им определить свое будущее профессиональное направление. Изучение истории, культуры и географии родного края может вдохновить ребенка на выбор профессии и сферы деятельности, связанных с сохранением и продвижением наследия своего народа.

В заключение, кружок краеведения играет важную роль в жизни детей, помогая им развить любовь к родине, уважение к истории и культуре своего народа. Он способствует формированию патриотического чувства, гордости за свою страну и готовности беречь и продолжать традиции своих предков. Поэтому важно поддерживать и развивать кружки краеведения для детей, чтобы сохранить и передать будущим поколениям богатое культурное наследие нашей страны.



## Үздік білім қызметкерлері анықталды

Білім қызметкерлері арасында Халықаралық туризм күніне арналып өткізілген «Еуропа-Азия 2024» Республикалық туристік фестивалінің қорытынды ақпараты

«Еуропа-Азия» фестивалі 27 жылдан бері Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының ұйымдастыруымен өткізілуде.

Фестивальдің мақсаты: педагогтердің туристік және кәсіби шеберліктерін шыңдау, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметі бойынша озық тәжірибені айқындау және насихаттау.

Биыл екінші рет республикалық дәрежеде өткізілген фестиваль 17-20 қыркүйек аралығында Орал қаласының «Самал» туристік лагерінде далалық жағдайда өтті.

Фестивальға 12 командадан 108 педагог қатысып, өз тәжірибелерін шыңдады. Жалпы 12 команданың 7 –і Батыс Қазақстан облысынан, 5 команда еліміздің басқа өңірлерінен (Астана қаласы, Ақтөбе облысы, Жамбыл облысы, Маңғыстау облысы, Түркістан облысы) қатысты. Шараға республика көлемінде мектеп мұғалімдері, колледж оқытушылары, қосымша

білім беру педагогтері, қалалық, облыстық және аймақтық білім беру қызметкерлері қатысты.

Ауқымды ірі шарада 5 техникалық қашықтық жарыстары, 5 конкурстық, 4 спорттық байқаулар өткізілді.

Үздік командалар төмендегідей нәтижелер көрсете білді:

### 1. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ ЖАРЫСТАРЫ:

«Түнгі бағдарлау» қашықтығы:

#### А тобы – Ерлер

1 орын – Асқаров Маулен  
(БҚО, Теректі ауданы)

2 орын – Ерланов Нуркен (БҚО, Бөрлі ауданы)

3 орын – Ералиев Тілек (БҚО, Бөрлі ауданы)

#### А тобы – Әйелдер

1 орын – Серикова Надежда  
(БҚО, Теректі ауданы)

2 орын – Мухтарова Жанайым  
(БҚО, Жәнібек ауданы)

3 орын – Сабыргалиева Лунара  
(БҚО, Жәнібек ауданы)

#### Б тобы – Ерлер

1 орын – Шамин Виктор  
(Орал қаласы № 24 ЖОББМ)

2 орын – Исаев Нұрсұлтан (Жамбыл облысы)

3 орын – Мендрасимов Тимур (Орал қаласы)



**Б тобы – Әйелдер**

- 1 орын – Идирова Жанар (Астана қаласы)
- 2 орын – Гайсиева Айкоркем (БҚО, Шыңғырлау ауданы)
- 3 орын – Шакит Айда (БҚО, Шыңғырлау ауданы)

**«ТЕХНИКАЛЫҚ» ҚАШЫҚТЫҒЫ:**

**А тобы**

- 1 орын – БҚО, Жәнібек ауданы
- 2 орын – БҚО, Теректі ауданы
- 3 орын – Ақтөбе облысы

**Б тобы**

- 1 орын – БҚО, Казталов ауданы
- 2 орын – Түркістан облысы
- 3 орын – БҚО, Шыңғырлау ауданы

**2. «ӨТКЕЛДЕР» ҚАШЫҚТЫҒЫ**

**А тобы**

- 1 орын – БҚО, Теректі ауданы
- 2 орын – БҚО, Жәнібек ауданы
- 3 орын – БҚО, Казталов ауданы

**Б тобы**

- 1 орын – Түркістан облысы
- 2 орын – БҚО, Шыңғырлау ауданы
- 3 орын – Орал қаласы

**«Жеке» қашықтығы**

**А тобы - Ерлер**

- 1 орын – Кенжемұрат Темірлан (БҚО, Бөрлі ауданы)
- 2 орын – Нигметов Ерлан (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 3 орын – Садуақасов Манас (Ақтөбе облысы)

**А тобы - Әйелдер**

- 1 орын – Сабыргалиева Лунара (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 2 орын – Шингалиева Жаннат (Ақтөбе облысы)
- 3 орын – Сарсенова Оралгүл (БҚО, Бөрлі ауданы)


**«Жеке» қашықтығы**

**Б тобы - Ерлер**

- 1 орын – Айдынғалиев Абай (БҚО, Шыңғырлау ауданы)
- 2 орын – Тұрсынбай Ермарал (Түркістан облысы)
- 3 орын – Қаныбеков Бахтияр (Түркістан облысы)

**Б тобы - Әйелдер**

- 1 орын – Опиева Айнагүл (Орал қаласы)
- 2 орын – Сағатова Алтынай (Маңғыстау облысы)
- 3 орын – Орынбай Әсем (Түркістан облысы)



### **3.«БАЙЛАМ» ҚАШЫҚТЫҒЫ**

#### **А тобы – Ерлер жұбы**

- 1 орын – Сарин Қ /Садуақасов М (Ақтөбе облысы)
- 2 орын – Жайлыбай Ж / Нурсұлтан И (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 3 орын – Әбуталиев А/ Айтекенов Е М (БҚО, Жәнібек ауданы)

#### **А тобы – Аралас жұп**

- 1 орын – Кенжемұрат Т/ Абдрахманова Б (БҚО, Теректі ауданы)
- 2 орын – Нигметов Е/ Сабирғалиева Л (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 3 орын – Туяков Н/ Мухтарова Ж (БҚО, Жәнібек ауданы)

#### **«Байлам» қашықтығы**

#### **Б тобы – Ерлер жұбы**

- 1 орын – Малаев Е/Глепқали А (БҚО, Казталов ауданы)
- 2 орын – Искалиев Т/ Мақсотов А (БҚО, Шыңғырлау ауданы)
- 3 орын – Құрақбай Е/Тұрсынбай Е (Түркістан облысы)

#### **Б тобы – Аралас жұп**

- 1 орын – Умиртай А/ Орынбай Ә (Түркістан облысы)
- 2 орын – Аяпов Қ/ Ғылым Ә (БҚО, Казталов ауданы)
- 3 орын – Кенжеғалиев А/ Ағыбайқызы А (Астана қаласы)

### **4. БАЙҚАУЛАР:**

#### **«Екі жұлдыз»**

- 1 орын – Оразбаев Е/Идинова Ж (Астана қаласы)
- 2 орын – Тәңірберген Б/ Басшиева Ж (Маңғыстау облысы)
- 3 орын – Алесов Г/ Ахонова Ж (Орал қаласы № 24 ЖОББМ)

#### **«Жорыққа шығуды кішкентайымнан жақсы көремін» бейнеролик байқауы**

- 1 орын – Нигметов Е (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 2 орын – Әділгерей Артур (БҚО, Теректі ауданы)
- 3 орын – Даулетбаев Нұрасыл (Ақтөбе облысы)

#### **«Үздік Әдіскер» байқауы**

- 1 орын – Изимғали Аслан (БҚО, Бөрлі ауданы)
- 2 орын – Қуаналиева Мендігүл (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 3 орын – Туралиева Юлия (БҚО, Теректі ауданы)

#### **«Бард әндері» байқауы**

- 1 орын – Алесов Ғабит (Орал қаласы, №24 ЖОББМ)
- 2 орын – Қуаналиева Мендігүл (БҚО, Жәнібек ауданы)
- 3 орын – Бимурзаев Әділет (Түркістан облысы)

#### **«Туристік тұрмыс және дағды» байқауы**

- 1 орын – Орал қаласы, №24 ЖОББМ
- 2 орын – БҚО, Бөрлі ауданы
- 3 орын – БҚО, Казталов ауданы

### **5. СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР:**

#### **«Футбол» ойыны**

- 1 орын – Жамбыл облысы
- 2 орын – БҚО, Туризм орталығы
- 3 орын – БҚО, Жәнібек ауданы

#### **«Шахмат» ойыны, Ерлер**

- 1 орын – Дарменов Максұт (Орал қаласы №24 ЖОББМ)
- 2 орын – Байқылыш Жанібек (Ақтөбе облысы)
- 3 орын – Курбанов Данияр (Жамбыл облысы)

#### **«Шахмат» ойыны, Әйелдер**

- 1 орын – Дергачева Анастасия (Жамбыл облысы)
- 2 орын – Ахонова Жансая (Орал қаласы №24 ЖОББМ)
- 3 орын – Шакит Айда (БҚО, Шыңғырлау ауданы)

#### **«Тоғызқұмалақ» ойыны, Ерлер**

- 1 орын – Мақсотов Айдос (БҚО, Шыңғырлау ауданы)
- 2 орын – Ахметов Айдос (Ақтөбе қаласы)
- 3 орын – Жумақұлов Алдияр (Орал қаласы №24 ЖОББМ)

#### **«Тоғызқұмалақ» ойыны, Әйелдер**

- 1 орын – Мейркулова Анастасия (Жамбыл облысы)
- 2 орын – Басшиева Жаннат (Маңғыстау облысы)
- 3 орын – Сағатова Алтынай (Маңғыстау облысы)

#### **«Қалашық» ойыны**

- 1 орын – Ақтөбе облысы
- 2 орын – Жамбыл облысы
- 3 орын – Астана қаласы

Фестиваль жеңімпаздарына Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломы, сертификаттары мен Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының естелік сыйлықтары табысталды.

**Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімінің меңгерушісі  
Ниеталиева К.Е.**



## Жүгіру арқылы қала ішінде спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионатының қорытындысы

2024 жылдың 2-7 қыркүйек күндері Орал қаласында жүгіру арқылы қала ішінде спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Аталмыш байрақты бәсекеге еліміздің Астана, Алматы, Алматы қалаларынан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарынан 240-қа тарта спортшы қатысып, «Спринт», «Микс эстафета», «Спринт жалпы старт», «Эстафета (6 кезеңдік)» қашықтықтарында сынға түсті. Жарыс қатысушылары 9, 12, 14, 16, 18, 20, 21Е, 40, 50, 60 жас ерекшеліктерінде ерлер және әйелдер тобы арасында бақтарын сынады. Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ өз үлестерін қосты. облысымыздың БАҚ жазып, халық арасында спорттық бағдарлауды насихаттауға өз үлестерін қосты. Жарыс қорытындысы бойынша 26 алтын, 33 күміс, 41 қола медальды БҚО спортшылары иемденді. Командалық есепте жеңімпаздар төмендегідей анықталды:

Батыс Қазақстан облысы I орын;  
Қарағанды облысы II орын;  
Алматы қаласы III орын иеленді.

Спорттық бағдарлаудан аға жаттықтырушы  
Нурманов Р.Е.



## Спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасы чемпионатының қорытындысы

2024 жылдың 18-23 қыркүйек күндері аралығында Ақмола облысы, Шучинск қаласында жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Байрақты бәсекеге еліміздің 10 өңірінен 200 ден аса спортшы қатысып, чемпиондарды анықтады. БҚО құрамасы қатысып, төмендегідей жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

### Атап айсақ:

#### 19 қыркүйек күні өткен “Орта” қашықтығында:

Жаңғожиев Бекзат -1 орын (М-20 тобы арасында);  
Серікұлы Ерасыл - 2 орын (ME-21 тобы арасында);  
Нурманов Райлан - 2 орын (М-40 тобы арасында).

#### 20 қыркүйек күні өткен “1 адамдық эстафета” қашықтығында:

Бақысбаев Жұмабек - 1 орын (ME-21 тобы арасында);  
Нурманов Райлан - 3 орын (М-40 тобы арасында).

#### 21 қыркүйек күні өткен “Ұзақ” қашықтықта:

Жаңғожиев Бекзат -1 орын ( М-20 тобында);  
Аманғали Айару - 2 орын (W-16 тобында);  
Нурманов Райлан -2 орын ( М-40 тобында);  
Амангелдиева Шынар -3 орын (W-20 тобында).

#### 22 қыркүйек күні өткен “Екі кезеңді эстафета” қашықтығында:

Аманғали Айару, Амангелдиева Шынар -2 орын (W 18-20 топтары арасында);  
Серікұлы Ерасыл, Жаңғожиев Бекзат -3 орын (ME-21 топтары арасында).

Жарыс жеңімпаздары ҚР туризм және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру комитетінің дипломдарымен, медальдармен марапатталды.

Спорттық бағдарлаудан аға жаттықтырушы  
Нурманов Р.Е.



# Ұстаздарды марапаттарымен құттықтаймыз!!!



Орал «Сервис» технологиялық колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы, педагог-шебер, ҚББП-і  
**ДЖУМАГАЗИЕВ**  
**ЖАСТАЛАП АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ**  
«Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен



ОБЖТжЭО директорының бірінші санатты ОӘЖ орынбасары  
**УСАФАЛИЕВА**  
**ГҮЛСІМ ЗАДАШҚЫЗЫ**  
«Орал өңірінде балалар туризмін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен



*ОБЖТжЭО-ның педагогтері  
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік және  
Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-практикалық  
орталықтарының Алғыс хаттарымен*

**МАРАПАТТАЛДЫ**

2024 жылы журнал аттестацияға жарамды басылымдар тізіміне енді!!!

## Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналына 2025 жылға жазылуға шақырамыз!

Жазылу «Қазпошта» АҚ, «Қаз Пресс» ЖШС және  
редакция арқылы жыл бойына жүреді.

Журналда 19 жылдан бері Қазақстанның және шетелдік ғалымдар мен педагогтердің туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы еңбектері республика көлемінде таратылып келеді.

**Жазылу индексі:** 75184, 25184 «Қазпошта» АҚ, «Қаз Пресс» ЖШС;

**Жазылу құны** (6 айға/жылға): жеке-3000/6000 тг,  
ведомстволық-3600/7200 тг; 1 данасы – 1000 тг;

**Мұқабасы:** түрлі-түсті, 64 бет, 2 айда бір рет шығады,  
жылына шығатын саны - 6;

**Тіркелу куәлігі:** №4482-Ж (01.12.2003); № KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

**Журнал айдарлары:** «Өзекті мәселелер», «Әдіснама», «Туризм»,  
«Өлкетану», «Экология», «Геология», «Спорт», «Спорттық бағдарлау»,  
«Педагогикалық іс-тәжірибе (сабақтар)»;

**Талаптар:** 5 беттен кем болмауы, 2 тілде аңдатпа (қазақ, орыс), кілт сөздері,  
автордың және мақалаға қажетті JPG форматтағы фотолар, пайдаланылған  
әдебиеттер тізімі, жазылу түбіртегі;

**Таратушы/баспахана:** «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім  
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық  
орталығы» МКҚК; «Көкше-Полиграфия» АҚ;

**Мекен-жайы:** Орал қаласы, Исатай батыр көшесі, 71/1,

**Тел/факс:** (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

**E-mail:** evrasia\_centre@mail.ru;



2024 году журнал вошел в список изданий для аттестации!!!

## Подписываемся на Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка» 2025 год!

Подписка на 2025 год через АО «Казпочта»,  
ТОО «КазПресс» и редакцию в течение года

В журнале на протяжении 19 лет в республике публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья в области туризма, краеведения, экологии.

**Подписной индекс:** 75184, 25184 АО «Казпочта», ТОО «КазПресс»;

**Стоимость подписки** (на полгода/на год): индивидуальная - 3000/6000 тг,  
ведомственная - 3600/7200 тг; 1 шт-1000 тг;

**Обложка:** на цветной глянцева бумаже, 64 страницы,  
выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год - 6;

**Свидетельство о регистрации:** №4482-Ж (01.12.2003);  
№ KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

**Рубрики:** туризм, краеведение, экология, педагогическая практика (занятия),  
актуальные вопросы;

**Требования к статье:** не менее 5 страниц, аннотация на 2-х языках  
(казахский, русский), ключевые слова, фотографии для статьи и автора формата  
JPG, квитанция о подписке;

**Распространитель/типография:** ГККП «Областной центр детско-  
юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-  
Казахстанской области»; АО «Кокше-Полиграфия»;

**Адрес:** г. Уральск, ул. Исатай батыра, 71/1,

**Тел/факс:** (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

**E-mail:** evrasia\_centre@mail.ru

